



№26-27 (6050) Сенбі, 2 шілде, 2016 жыл Тазет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҰҰ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ 2017-2018 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ЕМЕС МҮШЕЛІГІНЕ САЙЛАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҮНДЕУІ

Қымбатты отандастар!

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы белесінде тағы бір маңызды тарихи оқиға болды. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелері құрамына енді. Бұл Кеңес – Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің басты жауапкершілігі» жүктелген, тұрақты жұмыс жасайтын орган. Еліміздің оған сайлануы – Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі мен еңбегінің мойындалуы деген сөз. Біздің еліміз бейбітшілікті, қауіпсіздікті және орнықты дамуды жақтайтынын тәуелсіздік жылдарының бәрінде өзінің нақты істерімен дәлелдеп келеді. Оны баршаңыз білесіздер.

Семей ядролық полигонын жабу және қуаты жөнінен төртінші зымырандық-ядролық арсеналдан бас тарту туралы шешімімізді бүкіл жершары біледі және қолдайды. Бізге әлемдік қоғамдастықтың мұндай сенім көрсетуі мемлекетіміздің қарқынды дамуына және береке-бірлігімізге де байланысты.

Бұл тек біздің еліміздің ғана емес, сондай-ақ, бұған дейін ешқашан халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке жауап беретін органда өкілеттілік етпеген бүкіл Орталық Азия суб өңірінің де табысы.

Қазақстан алдағы екі жылға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелігіне сайланды.

Бұл халықаралық қатынастардағы күрделі кезең болмақ. Оны бүгінгі күн ахуалына қарап-ақ көруге болады.

Дүние-созылмалы жанжалдармен қатар, қауіпсіздікке қатердің бұрын-соңды болып көрмеген кең ауқымымен бетпе-бет келіп отыр.

Біз жаһандық проблемаларды шешудің жолдарын іздестіруге сүбелі үлес қосатын боламыз.

Тұрақты және қауіпсіз әлем – бұл азаматтарымыз бен балаларымыз үшін аса қажетті құндылық.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық торқалы тойын тойлағалы отырған Қазақ елінде, тағы бір тарихи оқиға орын алды. Ол – Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне сайлануы. Жер дүние дүрлігіп тұрған мынадай алмағайып заманда, бұл маңызды оқиға мемлекетіміздің мәртебесін әлем жұртшылығы алдында және бір көтеріп тастары анық. Әлемдік Бас ұйымның Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болу – Қазақстанға үлкен жауапкершілік жүктейді. Ол заңды да! Еліміз Тәуел-



Нақ сондықтан Қазақстан болашақ қазіргіден де сенімдірек және игіліктірек болуы үшін өзіне берілген мүмкіндікті пайдаланып қалуға ұмтылатын болады.

Біз жаһандық қоғамдастықтың назарын бұған дейінгі көкейкесті бастамаларымызға аудару ниетіндеміз.

Олар ядролық қару мен соғыс вирустары және жанжалдардан азат әлем құруға бағытталған.

Қазақстан осы ізгілікті мақсаттарына БҰҰ-ның құрылғанына 100 жыл толатын 2045 жылға қарай қол жеткізу үшін жұмыс істейтін болады.

Біз менің БҰҰ-ның 2015 жылы өткен Бас Ассамблеясының 70-ші сессиясында жариялаған терроризмге қарсы бастамамды ілгерілетумен айналысамыз.

Қазақстан, сондай-ақ, су, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешуге серпін беретін болады.

Осының барлығы әркімге де қатысы бар толғақты мәселелер.

Қазіргі заманғы шетін проблемаларды шешуге қатысу біздің алдымыздан көптеген елдермен және өңірлермен қарым-қатынастарымызды дамыту үшін мүмкіндіктер ашады.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне сай-

лану – бүкіл Қазақстан халқының еңбек сіңірген табысы.

Бұл – ұлт толысқандығының көрсеткіші.

Біз бейбітшілік пен ынтымақтастықтың ортақ құндылықтарын ілгерілетуге қабілетті жауапкершілікті мемлекет ретінде өздерінің дауыстарын Қазақстанның кандидатурасына берген барлық елге ризашылығымызды білдіреміз.

Біздің республикамыз БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі өкілеттігін қамтамасыз ету жөніндегі құрметті миссиясын лайықты орындайтынына сенімдімін.

Бұл Қазақстанның әлемдегі

аса дамыған мемлекеттер қатарына ену, қауіпсіз және өсіп-өркендеген болашақ құру жолындағы тағы бір тарихи қадамы болмақ. Мен барлық қазақстандықтарды еліміз Тәуелсіздігінің 25 жылдығы белесіндегі осы маңызды оқиғамен құттықтағым келеді. Бұл – еліміз үшін қуануға болатын лайықты оқиға.

Еліміз осынау зор сенімнің үдесінен шығып, Қазақстанның әлемдік аренадағы абыройы асқақтай түсеріне кәміл сенемін! Баршаңызды осы табысымызбен құттықтаймын!

(akorda.kz сайтынан).

Әлем және Қазақстан

ҚУАНУҒА ТҰРАРЛЫҚ ОҚИҒА

сіздік алған ширек ғасыр уақытта өзін бейбітшілікті жақтайтын, қауіпсіздік пен әлем тыныштығын жақтаушы ел ретінде көрсете білді. Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы және қуаты

жағынан әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық арсеналдан бас тартуы Қазақстанның мәртебесін, беделін бір көтеріп тастаған-тын. Енді, міне, еліміз екі жылға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүше

болып, жаһандық қауіпсіздік мәселелерін шешуге үлесін қосатын болып отыр. Бұл мақтауға да, мақтануға да тұратын жай.

Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік аренадағы мерейі үстем болсын!

Зейпін ҚАЗАНБАЕВА,
М.Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының директоры,
аудандық мәслихаттың депутаты.

6 шілде — Астана күні

Алаштың айбыны — Астана!

Енді санаулы күндерден кейін барлық қазақстандықтар мемлекеттік мерекелердің бірі ғана емес, бірегейі — Астана күнін атап өтеді. Осыдан 18 жыл бұрын Арқа төсінде, есіле аққан ерке Есілдің жағасынан ару Астана бой көтерген еді. Содан бері елімізде әр жылдың 6 шілдесі — Астана күні ретінде мерекеленіп келеді. Шүкір, осы уақыт ішінде Астананың айбыны асып, мәртебе-мерейі көтерілді. Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы — Астананы төрткүл дүние танып, мойындады.



Астана — Қазақ елінің тәуелсіздік символы іспеттес. Евразияның ортасында достықтың, бейбітшіліктің, жасампаздықтың белгісіндей жарқырап, әлем жұртшылығының назарын өзіне аударып отырған бас шаһар. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығының арқасында күн сайын ілгері дамып, гүлденіп, қанатын кеңге жайып, болашаққа қарай сенімді қадаммен өрлеп бара жатқан ару қала Астана!

Бүгінгі күні Астананың келбеті, көріне көрік қосып, адам танымастай өзгерген. Бұл егеменді мемлекетіміздің қарыштап дамып, өркендеп-гүлденгенінің арқасы. Астана қаласына биыл

18 жыл. Осы аралықта «Бәйтерек», «Қазақ елі» монументі, «Бейбітшілік келісім сарайы», «Нұр-Астана» мешіті бой көтеріп, сәулет өнерімен ерекше таңқалдырды. Қарап тұрсақ, осының бәрі ғажайып құрылыстар.

Қазіргі таңда өркениетті елдермен терезесі тең келетін дәрежеге жеткен Астана күн сайын жайнай түсуде. Шартаптап келген меймандарға Астананы ерекше шабытпен таныстырып, мақтаныш сезіммен көрсетуге болады. Астана

Астанада талай-талай әлемдік деңгейдегі іс-шаралар, алқалы басқосулар өткізілуде. Алдағы жылы өтетін ЭКС-ПО-2017 көрмесіне дайындық қарқынды жүргізіліп жатыр. 18 жыл ішінде бұрынғы тың игерушілер қаласы — Целиноград, алып мегаполиске айналды. Сарыарқадай сағымды сайын даланың төсінен орын тепкен ару Астанамыз, күн сайын жасарып келеді. Астана — өркениет пен мәдениеттің, ғылым мен білімнің ордасы! Сәулетті келбеті бүкіл қазақ даласына ажар беріп, ұлтымыздың айбынын асқақтатқан Астананың болашағы әлі алда!

Мен бүгін аудан жұртшылығын ауылдастарымның атынан, мәртебелі мереке — Астана күнімен құттықтай отырып, әр шаңыраққа бақыт, ырыс-береке, ұзақ ғұмыр тілеймін. Отанымыз тыныш, Елбасымыз аман болып, Астанамыз жайнай түссін!

Жамсап ӘШЕНОВ,
Сарысу ауылы
Ақсақалдар кеңесінің төрағасы.

Астана жасай бер, жайнай бер!

мемлекетіміздің ордасы, еліміздің жүрегі.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында Астанамыздың еңсесі одан әрі тіктеліп, биіктей түсуде. Осының бәрі елдің татулығы мен бірлігінің жемісі. Шаттыққа толы, мәртебесі жоғары Астана күні мерекесімен барша қазақстандықтарды, ұлытаулықтарды шын жүректен құттықтаймын. Баршаңызға бірлік, береке, амандық тілеймін.

Серік МӘШІРІП, мұғалім.
Қарсақбай кенті.

Ел Тәуелсіздігіне — 25 жыл

МАҚСАТЫМЫЗ — МӘҢГІЛІК ЕЛ

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ

Біз еңсеміз биік, абыройымыз асқақ, бірлігіміз бекем, ҚР Президенті, Елбасы Н.Назарбаев салған нұрлы жолмен жарқын болашаққа қарай қарышты қадаммен алға басып келе жатқан егемендігімізді еншілеген тәуелсіз елміз. Мақсатымыз — мәңгілік ел болу. Бұл мақсатқа жететінімізге шүбәсіз сенеміз. Оған ешкім де күмән келтірмейді. Біздің Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы ішінде қолымыз жеткен толағай табыстарымыз еліміздің мүмкіндігінің зор екенін айқын көрсетті. Біздің халқымыз қисапсыз қиындықтарды, адам айтып жеткізе алмайтын азаптарды көріп, шар болаттай шындалған халық. Қиындықтарды жеңудің, қисайғанды түзетудің, қиюласпай тұрғанның ыдығын тауып қиюластырудың, барды ұқсатып, жоқты табудың жолдарын жете меңгерген халықпыз. Ең бастысы — көпұлтты қазақстан халқы Көкбайрақтың астына берік топтасқан, Отанын шексіз сүйетін, Елбасының ісіне берілген, оған шүбәсіз сенетін. Мемлекет басшысының «Нұрлы

жол — болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауында, «Біз тұрақтылықты бағалай білгендігіміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз — ел бірлігі болу керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» деп айрықша атап көрсетті. Сондай-ақ, ел бірлігі — біздің барша табыстарымыздың кілті екеніне Елбасы өзінің осы халыққа Жолдауында ерекше назар аударған.

Бұл Тәуелсіздікті ата-бабаларымыз армандап, қолдарын жеткізе алмай кетті. Небір қаһарлы хандарымыз, данышпан, дана жандарымыз елге еркіндік әпере алмады. Сол бабаларымыз кейінгі ұрпақтарына тәуелсіздік алуды аманат етті. Осы бабалар аманатын орындау бақыты бүгінгі ұрпаққа тиді. Сан ғасырлар бойы азап шеккен халқымыздың еркіндікке қолы жетіп,

еңсесін көтеріп, еркін көсілді. Әрине, бұл бақыт бізге оңайлықпен келген жоқ. Қасақана жасалған қастандықты да, сойылын көтерген сойқанды да, кездескен қисапсыз қиындықтарды да жеңіп, осы күнге жетті. Бұл жолда ел қамын жеген талай арыстарымыз құрбан болды. Олардың өздері өлгенімен мақсаттары орындалды, есімдері ешқашан ұмытылмайды, елмен бірге жасайды. Ал Тәуелсіздік алған 25 жыл ішінде қолымыз жеткен орасан табысымыз көпұлтты Қазақстан халқы бірлігінің, еліміздің тұңғыш Президенті, кемеңгер Елбасы Н.Назарбаевтың дана басшылығының, салмақты саясатының, алысты болжайтын көрегендігінің арқасы. Елбасы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қисапсыз қиындықтарды, табан тіреген тапшылықты жеңудің жолын тауып, халықты тарықтырмай, тапшылық тауқыметін тартқызбай бүгінгі бақытты күнге жеткізіп, мәңгілік елдің нұрлы жолын салып, жарқын болашаққа бастап келеді. Халық Елбасымызға шексіз алғысын айтады. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, Елбасымыз ғұмырлы болсын!

ӘКІМ АУЫЗАШАР БЕРДІ



Аудан орталығындағы «Жаймашуақ» дәмханасында аудан әкімі Х.Омаров қасиетті рамазан айында селода тұратын ақсақалдар мен ауыз бекіткен азаматтарға, мұсылман халқының қалыптасқан дәстүрі бойынша ауызашар беріп, әруақтарға дұға бағыштады. Кешегі Қызыл империяның тұсында басшылар түгілі қарапайым адамдар ораза ұстап, ауызашар беру былай тұрсын «Алланы» ауызға ала алмайтын кез еді. Бірақ солақай саясатпен халық санасын дінге қарсы қоймақ болғанмен, дінді адам жүрегінен жұлып тастай алмады. Бүгінде дінімізге, ұлттық салт-дәстүрге, әдет-ғұрпымызға кең жол ашылды. Бұл Тәуелсіздігіміздің, Елбасы Н.Назарбаевтың кемеңгер басшылығы мен кемел саясатының арқасы.

Аудан әкімі Х.Омаров ауызашарға жиналған, ораза ұстаған жандарға ораза қабыл болсын дей келіп, «Бүгін қасиетті Рамазан айында ауыл ақсақалдарының, ораза ұстаған азаматтардың басын қосып, ауызашар беріп, әруақтарға дұға бағыштатып, Сіздердің баталарыңызды алайын, дедім. Бұл біздің қандай қиын кезеңде де аттан түспеген, жүрегімізде берік сақталған ұлттық құндылығымыз. Бүгінгі ұрпақ мұны берік сақтап, келер ұрпаққа жеткізуге тиіспіз. Оразаларыңыз қабыл болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем, ырысымыз мол, тәуелсіздігіміз берік болсын. Сіздерге, отбастарыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін, деді.

Ауызашарға жиналғандар аудан әкіміне ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

Өз тілшіміз.

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Рахымжан ӨДЕНҰЛЫ

Еліміз Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев шағын және орта бизнестің (ШОБ-тың) дамуына айрықша көңіл бөліп келеді. Ел экономикасының қозғаушы күші болып табылатын

алда тұрған міндеттер жөнінде аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Г.Ауғанова, кәсіпкерлерге көрсетілетін қызметтер мен көмектер, берілетін жеңілдіктер жайлы аудандағы кәсіпкерлер палатасының төрағасы С.Оспанов, салық заңнамаларындағы өзгерістер мен жаңа толықты-



жеке кәсіпкерлік, Қазақстанда өндірілетін жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) жартысынан астамын өндіріп отыр бүгінде. Түсірер табысымен қатар жүретін толып жатқан қиындықтары бар тың сала – ШОБ-ты дамытудың Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін маңызы зор. Ел Президенті Н.Назарбаевтың қазақстандық кәсіпкерлікке қолдау көрсету, материалдық, құқықтық тұрғыдан көмек беру жөніндегі тапсырмалары жүзеге асырылуда. Бұл орайда, әсіресе, жеке кәсіппен айналысушылардың кәсіби, құқықтық «сауаттарын» жетілдіру, кәсіпкерліктің заң шеңберінде жүргізілуі, кәсіпкерлердің міндеттері мен құқықтарының сақталуы, т.с.с. аса маңызды. Бір өкініштісі сол, аудан аумағындағы жеке кәсіппен айналысушылардың барлығы бірдей өз құқықтары мен міндеттерін толық біле бермейді. Нәтижесінде осы саланы бақылап қадағалаушы мекемелер мен жеке кәсіп иелері арасында өзара түсінбестік жиі туындайды. Мұндай олқылықтарды жоюдың төте жолы – жеке кәсіпкерлермен жиі-жиі жиындар, семинарлар, т.б. өткізіп тұру.



Таяуда аудан әкімшілігінің мәжіліс залында аудан прокуроры Қ.Маноповтың ұсынысымен жеке кәсіпкерлермен кездесу өтті. Кездесуге аудан әкімі Х.Омаров, орынбасары М.Оспанов, аудан прокуроры Қ.Манопов, аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ә.Жандарбеков, Ұлытау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Ж.Жұманбаев, маманы Б.Дүзбаев, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Г.Ауғанова, жеке кәсіпкерлер, мекеме басшылары, т.б. қатысты. Жиынды аудан басшысы Х.Омаров ашып, жүргізді. Аудандағы кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында атқарылған жұмыстар және

рулар туралы аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының маманы Б.Дүзбаев хабарламалар жасады. Әрбір хабарламадан соң қатысушылар өз сауалдарын беріп отырды. Аудандық Арда-



герлер кеңесінің төрағасы Ә.Жандарбеков ауыл тұрғындарына қысқы маусымға аса қажетті көмір, шөптің бағасының қымбаттығы, жыл өткен сайын көтеріліп бара жатқаны, бақылаудың жоқтығы, тасымалдаушылардың салық төлемейтіндері, т.с.с. туралы сауалын ортаға салды. Аудан прокуроры Қ.Манопов таяуда Астанада ҚР Бас прокуратурасы мен «Атамекен» ҚР Кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен өткен Форумда, еліміздегі кәсіпкерлік салаға қатысты өзекті мәселелерді шешу жолдары талқыға түскенін айтып өтті. Сонымен қатар ауданымыздағы кәсіпкерлік саланың дамуы көңіл көншітпейтінін, аудан орталығында тіпті шаштараздың жоқтығын қынжыла жеткізді. Салық заңнамаларындағы өзгерістерді халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізілмейтінін, газеттерге мақалалар, түсініктемелер берілмейтінін айта келе, прокуратура тарапынан кәсіпкерлер мүддесі әрқашан қорғалатынын, арнайы мобильдік топ жұмыс істеп отырғанын, кәсіпкерлердің құқықтары шектелген кезде осы топқа хабарласуға болатынын айтты.

Жиынды аудан басшысы Х.Омаров қорытындылап, аудандағы кәсіпкерлік саланы дамытуды жандандыру керектігін, тиісті мекемелердің басшылары қолдау көрсетуге мүдделі болуларын айтып, кәсіпкерлерді де бірлесе жұмыс жасап, белсенділік танытуға шақырды.

Суретте: кездесуден көріністер.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ мен ҚАРЖЫЛАНДЫРУ — БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

Ауылдық үй шаруашылықтарының қаржылық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету туралы бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында, ауыл халқын 2005 жылдан бастап шағын несиелендіріп келеді. Негізгі Жезқазған аймағы бойынша Ұлытау ауданында кіретін 15 елді мекенге, Жезқазған қаласына жататын 5 елді мекенге және Сәтбаев қаласына жататын 4 елді мекен тұрғындарына қызмет көрсетіп отырмыз. Осы жерде айта кететін жай ол мысалы Ақтөбе облысымен шектесіп жатқан Қоскөл селолық округтен Ұлытау ауданының арасы 300 км шамасында, оның үстіне тікелей баратын жолаушылар таситын көліктің жоқтығын айтпағанда автомобиль жолының сапасы сын көтермейді, ал қыс, көктем мен күзгі жаңбыр кездерінде жол қатынасы мүлдем болмайды. Осындай қиындықтарды түсінген филиал басшысы У.Торғаев 2013 жылы Жезқазған қаласында осы өңірге қызмет көрсету мақсатында өкілеттігін ашты.

Бытырғы жылы аудан әкімінің орынбасары М.Оспановпен бірге осы өңірлерді аралап, ауыл еңбеккерлерімен кездескен кезде ауыл тұрғындары «АШҚҚ» АҚ Қарағанды филиалының басшысы У.Торғаев ауыл еңбеккерлеріне деген қозғарасын жоғары бағалап, ризашылығын айтып жатыр. Себебі бірде-бір ауыл шаруашылығына қызмет көрсететін мекемелерде өздерінің өкілдері бұл өңірде жоқ.

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры ауыл тұрғындарын, шағын несие ұйымдары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді шағын несиелендірумен айналысады әрі мемлекеттік «Дипломмен — ауылға» бағдарламасы бойынша сенімді агент қызметін атқарады.

Бытырғы жылы біз 7 несиелік бағдарлама бойынша жұмыс атқарсақ, биыл тек үш бағдарлама бойынша жұмыс атқарамыз. Олар: «Бір сүт қабылдау пункттерін ашу» 500 басқа арналған 7 сүтті тауарлы фермаларды ашу және «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасы бойынша жұмыс атқарамыз; «Ырыс» қаржыландыру бағдарламасының мақсаты: ІҚМ 50 бастан 100 басқа дейінгі сүтті-тауарлы фермаларды құру және кеңейту; «Жұмыспен қамту бағдарламасы» бойынша биыл Ұлытау ауданына 30,0 млн. теңгені мамыр айында беруді қарастырып отырмыз. Және қосымша берілетін ақшадан аудандарыңызға тағы қосымша қаражат бөлінеді. Қазіргі таңда Кәсіпкерлер палатасы Ұлытау ауданының филиалына бизнес-жоспарға құжаттарыңызды өткізіп, аудандағы жұмыспен қамту орталықтарына тіркеліп құжаттарыңызды бізге тапсыра беруге болады.

Бытырғы жылы Ұлытау ауданына 30,0 млн. теңге «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы бойынша берілді.

Қысқаша биылғы жылғы бағдарламаларға тоқталатын болсақ;

1. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы арқылы биыл, құлан, сыбаға және алтын астыққа қойылған талаптар бойынша мал шаруашылығына береміз. Сол себепті биыл осы Жұмыспен қамту бағдарламасы арқылы несиенің мал шаруашылығына берілетін соммасы 6 млн. теңгеге дейін беріледі. Несие мерзімі 5 жылға дейін ұзартылды. Және осы бағдарлама арқылы скважина бұрғылауға несие беріледі, оған кеткен шығынның 80 пайызы субсидиялау ретінде қайтарылып беріледі.

Жұмыспен қамту – 2020 бағдарламасының жалпы мақсаты: жұмыспен қамту деңгейін көтеру, әл-ауқатты арттыруға ықпал ету, жұмыссыздықты қысқарту.

Ең жоғары қарыз сомасы: жеке қосалқы шаруашылықтағы ұсақ тауарлы өндірістерді ұйымдастыруға 6 млн. теңгеге дейін; өз ісін ашуға және кеңейтуге 3 млн. теңгеге дейін; қарыздарды мерзімнен бұрын қайтарған Бағдарламаға қатысушылар - 5 млн. теңгеге дейін; Қазақстан Республикасының үкіметі бекіткен аудандарға келген оралмандарға және қоныс аударушыларға 5 млн. теңгеге дейін. Сыйақы үстемесі: 500

000 теңгеге дейін, 4,8%, одан жоғары сомаларға жылына 6%. Несиелеу мерзімі: 500 000 теңгеге дейін алғандарға 36 айға дейін, одан жоғары алғандарға 54 айдан аспайды, мал шаруашылығына алғандарға 60 айға дейін. Негізгі қарызды өтеудің жеңілдетілген мерзімі: 1,5 жылдан аспайды. Сыйақыны өтеудің жеңілдетілген мерзімі: 6 айдан аспайды. Қамтамасыз ету— Қоғамның кепілдік саясаты бойынша.

Жоба бойынша шектеулер: алынған шағын несие тұтыну мақсатында қолдануға, алдыңғы қарыздарын өтеуге, тұрғын үй сатып алуға, сауда-саттық саласындағы қызметке жұмсауға рұқсат етілмейді.

2. «Ырыс» қаржыландыру бағдарламасының мақсаты: ІҚМ 50 бастан 100 басқа дейінгі сүтті-тауарлы фермаларды құру және кеңейту.

Жобаға қатыса алатындар: шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтар, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар.

Мақсатты бағыттау: сүтті бағыттағы ІҚМ асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу; инвестициялық салымдарда ауыл шаруашылығы кешені субъектілерінің субсидиялау бойынша шығындардың бөлігін қайтару Ережесіне сәйкес, субсидиялауға кіретін қажетті ауыл шаруашылығы техникасы мен сүтті-тауарлы фермаларға арналған құрал-жабдықтарын сатып алу,

Қарыздың максималды сомасы: 60 (алпыс) миллион теңгеге дейін. Сыйақы үстемесі: жылдық 11%, оның 7% субсидиялау арқылы мемлекетпен төленеді. Қарыз мерзімі: 7 жылға дейін; Негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдетілген мерзім: 2 жылдан аспайды; Сыйақыны өтеу бойынша жеңілдетілген мерзім: 1 жылдан аспайды;

Сатып алатын 1 бас асыл тұқымды сүтті сиырға 435 000 теңге беріледі, оның 154 000 теңгесін Мемлекет сізге субсидия ретінде қайтарып береді. Және сүтті фермаға алынған қажетті техникаларды сатып алсаңыз соның 50 % Мемлекет сізге субсидия ретінде қайтарып береді. Мысалы: 50 бас сүтті асыл тұқымды мал сатып алуға 21,7 млн. теңге алсаңыз, оның мемлекет 7,7 млн. теңгесін субсидиямен қайтарып береді және оған қажетті ауыл шаруашылығы техникасы мен сүтті-тауарлы фермаларға арналған құрал-жабдықтарын 13,8 млн. теңгеге сатып алсаңыз, оның 7 млн. теңгесін тағы Мемлекет сізге субсидия ретінде қайтарып береді. Сонда Сіздің 50 бас сүтті тауарлы фермаға алған 31,3 млн. теңгенің 14,7 млн. теңгесін Мемлекет өтеп береді.

3. «Сүт қабылдау пункттерін ашу» қаржыландыру бағдарламасы

Жобаға қатыса алатындар: шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтар, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар.

Мақсатты бағыттау: инвестициялық салымдарда ауыл шаруашылығы кешені субъектілерінің субсидиялау бойынша шығындардың бөлігін қайтару Ережесіне сәйкес, субсидиялауға кіретін сүт қабылдау пункттеріне қажетті арналған құрал-жабдықтарын сатып алу,

Қарыздың максималды сомасы: 15,8 млн теңге. Сыйақы үстемесі: жылдық 14% , оның 7% субсидиялау арқылы мемлекетпен төленеді. Қарыз мерзімі: 4 жылға дейін; Негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдетілген мерзім: 1 жылдан аспайды; Сыйақыны өтеу бойынша жеңілдетілген мерзім: 1 жылдан аспайды; Сатып алынатын құрал жабдықтардың 30%-ын мемлекет субидиялау арқылы қайтарып береді.

Мекенжайымыз Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бақ жолы, 39-үй, 32-кабинет.

Ғ.ТҰРСЫНБАЕВ,
«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамының Қарағанды филиалының Жезқазған аймағындағы (Ұлытау ауданы, Жезқазған және Сатпаев қаласындағы) өкілі.

Ұлт-азаттық көтерілісіне – 100 жыл

Рахымжан ӘДЕНҰЛЫ

Сағымды сайын даланы еркін мекендеген көшпенді қазақтың ұлт болып қалыптасу жолы – өте күрделі. Ұлт тарихындағы «ақтаңдақтарды» санамаласақ, тіпті бір басына жетіп-артылардай-ақ бар. Әрісін айтпағанда, өткен Қой жылы ғана құрылғанына 550 жыл толғанын ұлт болып ұлықтаған Қазақ хандығынан бергі уақытты таразыласақ та жеткілікті. Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығына дейін де Қазақ елі болғаны белгілі. Десекте өнер мен мәдениет, сауда-саттық, т.с.с. бағыттардағы қарым-қатынас нығайып, сыртқы байланыстардың артуы нақ осы тұстан бастау алады.

Қазақ елінің мемлекет болып қалыптасуы – ел тарихында орын алған ірілі-ұсақты оқиғалармен тікелей байланысты. Үш жүз жылдық бодандықтың

Қазақстан экономикасын тоқырауға әкеліп, өндіргіш күштердің даму деңгейі бірте-бірте кеми берді. Оның үстіне Қазақстан жеріне Үштік Одақтың

әділетсіздік пен халық мүддесімен санаспай ар-намысын аяқасты ету – 1916 жылғы көтеріліске алып келді.

Жалпы алғанда Қазақстан мен Орта Азиядағы азаттық қозғалысын, XIX ғасырдың аяғындағы XX ғасырдың басындағы көпұлтты Ресей тарихының бүкіл барысы өзінше қарастырылуға тиіс. Мұның өзі патша өкіметі дағдарысының нәтижесі еді. Көтеріліс негізінен отаршылдыққа қарсы сипатта болды. Қазақстандағы көтеріліс патша өкіметі үшін де, сондай-ақ жергілікті үстем феодалдар тобы үшін де күтпеген жерден басталды. Көтерілістің негізгі себептері жердің тартып алынуы (қоныстану

тұрсынов, М.Дулатов патша өкіметімен келісімпаздық (компромистік) бағыт ұстанды. «Қазақ» газеті төңірегіндегі бұл зиялылар, күші басым үкіметке қарсы шығудың халықты қырғынға ұшырататынын ескертіп, сабыр сақтауға шақырды. Көтерілістің аса ірі ошақтары Жетісу, Торғай өңірлері болды. Жетісу облысында қарулы қарсыластық шілде-тамыз айларында жаппай қарқын алды. 17 шілде күні Жетісу мен Түркістан өлкесінде әскери жағдай жарияланды. Патша өкіметі мұнда ірі әскери күштерді жібере бастады. Қыр-күйек-қазан айларының басында жетісулық көтерілісшілер шегініп, Шығыс

ҰЛЫ ДАЛАДА ҚОРҒАЛҒАН

бұғауынан құтылған 1991 жылға дейін, ұлтымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді» бастан өткерді. Әсіресе өткен XX ғасырда орын алған бірінші дүниежүзілік соғыс, Ұлы Қазан төңкерісі, жаппай ұжымдастыру, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, т.б. тарихи оқиғалар қазақ даласына да нәубет әкелген еді. Қызыл империяның құрсауынан шығып, егемен ел болуды аңсаған ата-бабаларымыз азаттық жолында өмірлерін арпалыспен өткерді, жандарын құрбан етті. Тәуелсіздікке тек 1991 жылы ғана қол жетті.

Екі бірдей соғыстың, ұжымдастыру, ашаршылық, т.с.с. қасіретті оқиғалардың өрті қазақ даласын да аяусыз шарпығаны тарихтан аян. Әлемнің 38 мемлекеті қатысқан бірінші дүниежүзілік соғыс 1914 жылдың 19 шілдесінде (1 тамыз) басталды. Қазақстанды «қанатының астына алған» Ресей бұл соғысқа дайындықсыз, әскери-өнеркәсіптік әлеуеті (потенциалы) төмен, көлігі нашар дамыған жағдайда кірісті. Орыс армиясы әскери-техникалық жағынан аз қамтамасыз етілген еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға аса ауыр зардаптарын тигізді. Қазақстан майданды шикізатпен қамтамасыз ететін ірі өңірлердің біріне айналды. Соғыс қажетіне жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді. Ресейдің дүниежүзілік империалистік соғысқа араласуы Қазақстанды тонауды күшейтті. Соғыс қажетіне деп қазақ халқына 10-ға жуық салық түрі енгізілді. 41,0 млн. пұтқа жуық мақта, 38,0 мың шаршы метр аршын киіз, 3,0 млн. пұт мақта майы, 229,0 мың пұт сабын, 300,0 мың пұт ет, 500,0 мың пұтқа тарта балық, 70,0 мың бас жылқы, 13,0 мың басқа жуық түйе, 14,0 мың киіз үй салық салынды. Бір Жетісу өңірінің өзінен 34,0 млн. сом көлемінде мал және мал өнімдері салыққа алынды. 1917 жылы шаңырақ салығы 100 мың 209 сомға жетті. Ынсапсыз салынған салықтың нәтижесінде егістік жер қысқарды, ірі қара мал басы азайды, жергілікті халықтың әлеуметтік-тұрмыстық хал-ахуалы нашарлады. Қазақ даласын жоқшылық жайлады!

Соғыс жылдары жұмысшылардың да жағдайы өте ауыр болды. Бір күндік орташа жалақы – 20 тиын болып, жұмыс күні 12-14 сағатқа созылды. Қымбатшылық артты: ұн – 70%-ға, қант – 50%-ға, сабын – 200%-ға өсті. Кен шығару, мұнай, көмір өндіру құлдырады. Өндірістердегі мамандығы бар жұмысшылар үлесі күрт азайды. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс, ауылшаруашылығының құлдырауы



ҰЛТ МҮДДЕСІ

әскери тұтқындары орналастырылды. Мысалы Омбыда – 20,0 мың, Ақмолада – 8 мың 612, ал Түркістан өлкесінде – 200,0 мыңға тарта әскери тұтқын болған. Соғыс жылдары Австрия-Венгрия, Германия тұтқындарының Қазақ жеріне әкелінуі, өлкенің қоғамдық-саяси жағдайына елеулі әсер етті. Әсіресе Қазақ өлкесінде ерлердің майданға шақырылуы, онсыз да тұралап тұрған шаруашылықты мүлдем дағдарысқа ұшыратты. Семей, Ақмола облыстарында жұмысшылардың 50%-ы, Орынборда – 40%-ы, ал Жетісу өңірінде 1/3-і шақырылды. Осы себепті патша өкіметі әскери тұтқындарды жұмысқа пайдалана бастады. Қазақ жеріндегі әскери тұтқындардың жағдайы да қиын болды. 1915 жылы Риддерде ауыр тұрмыстық жағдайға байланысты әскери тұтқындар ереуілі басталды. Әскери тұтқындарға арналған Челябин мен Қостанай аралығында орналасқан Троицк лагері «Өлілер лагері» деп атанды. Сөйтіп соғыс елдегі жалпыұлттық дағдарысты тереңдетіп, халықтың ашу-ызасын ұлғайта берді. Осындай

саясаты), салықтар мен алымдардың көбеюі, еңбекшілерді үстем феодал-байлар тобының қанауының күшеюі, ұлт араздықтың өршітілуі, соғысқа байланысты бұқара халық жағдайының күрт нашарлауы, орыстандыру саясаты болып табылды. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қозғаушы күші – ауылдың еңбекшілер бұқарасы, жұмысшылар, қолөнершілер болды. Патша өкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы «Түркістан мен Дала өлкесінен 19-43 жас аралығындағы 500 мың адамды қара жұмысқа алу туралы» Жарлығы, халықтың шыдамын тауысып, оларды отарлау езгісі мен ортағасырлық қанауға қарсы көтерілуіне түрткі болды. Қазақ даласында патша жарлығына әртүрлі көзқарас болды. Феодалдық басшы топтар және жергілікті әкімшілік жарлықты қолдады. Революцияшыл топ өкілдері Ә.Жанкелдин, А.Иманов, Т.Бокин, Б.Әшекев, Ж.Мәмбетов қара жұмысқа барудан бас тартып, халықты көтеріліске шақырды. Либералдық-демократиялық зиялылар Ә.Бөкейханов, А.Бай-

Түркістанға өтіп кетуге мәжбүр болды. Торғай көтерілісі (басшылары А.Иманов, Ә.Жанкелдин) 50 мыңдай адамды қамтыған ірі қозғалыс болды. А.Иманов көтерілісшілерді ондыққа, елулікке, жүздікке, мыңдыққа бөлді. Арнайы мергендер бөлімшесі құрылды. А.Иманов бас сардар болып, оның жанында әскери кеңес жұмыс істеді. Отарлауға және империалистік саясатқа қарсы өрбіген ұлт-азаттық көтеріліс, 1916 жылғы шілде-тамыз айларында бүкіл қазақ даласын қамтыды. Ол тек 1917 жылы 27 ақпанда патша тағынан түсіп, патша өкіметі құлатылғаннан кейін ғана тоқтады.

1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының көпғасырлық ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихында аса маңызды орын алды. Бұл – ұлтымыздың азаттығы мен еркіндігіне, мемлекетіміздің тұтастығына жасалған алғашқы қадамдардың бірі еді. Сол қадамның жасалғанына, міне, биыл тура 100 жыл толып отыр! Бұл тарихи оқиға Тәуелсіздік жылнамасына алтын әріптермен жазылары даусыз!

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды



қатарында. Біз өз орнымыздамыз. Жастар өзіміздің заман үшін жауға оқ атайық! Заманымызды қорғап қалайық! Әлем алдында заман біздікі дейтін болайық!...Заман біздікі, біз өз заманымыз үшін оққа, өлімге қарсы жүреміз. Біз, жастар, кешегі алтын ғасырды қайта тұрғызамыз. Біздің орнымыз майдангерлердің алдыңғы қатарында, біз өз орнымыздамыз» (сонда, 16-17-беттер).

бы қарапайым, мазмұны мән-ді, тілдік-стильдік сипаттары жеңіл де жинақы көрінетін бұл туындылар – қоғам, адам, табиғат арақатынасын, өзіндік өзгешеліктерін жүйелі жеткізеді. Адам өмірі, балалар танымы, жастық сырлары да қарапайым, қонымды сипат алады. Қоғамдық құбылыстар, кезең көріністері, адам мұраты мен еңбегі, өмір-тұрмыс иірімдері де шындық жайттарды арқау етуімен де шынайы, сенімді. Танымдық-тағылымдық қырлары, мәдени-рухани, деректік мәні жоғары. Адамдық мұрат, өмірге құштарлық, ізгілікті істер сипаты аса мол. «Шығысұлына хат», «Тыңда, Кавказ!» сынды туындыларда елдік мұрат пен дәстүр өнегесі, азаттық пен туысқандық сыр-сезімдер,

арман» (Украина, Беларусь даңқына), т.т. өзіндік ізденіс, көркемдік мұраттарымен байыта түседі. Абай әлемнің иірім-сырлары, Жамбылдың даналық һәм даралық қырлары, Пушкин мен Шевченконың бауырластық пен достыққа негізделген көзқарас-мұраттарынан терең тарих тағылымдары, таным мен талғам тоғысы, дарын дидарының көркемдік-рухани сипаттары жіті танылады. Ұлылық ұлағаты, талант табиғаты мен дарынды туынды сипаттары – Абай, Жамбыл, Пушкин, Шевченко, т.б. өмірі мен өнерпаздық өнегелері, адами мұраттары мен тақырыптық ерекшеліктері мәнді әрі көркемдік кеңістігі негізінде нақтылы баяндалады.

Өмірдің нұры мен сыры, адам еңбегі мен ерік-жігері, жастық пен достық дастандары, із-

ұшпасқа не?» (В.В.Маяковский), «Лагерье» (А.Барто) т.т. түпнұсқаға адалдық, көркемдік мұраттар мен шеберлік сырларына еркін ену бар. Тақырыпты көркем де бедерлі ашу, жеңіл де жинақы, ойлы жеткізу – аударма өлеңдердің басты белгі, өзіндік өзгешеліктерін айқындайды. Баяндау жолы жеңіл де тартымды. Мәтін табиғаты айқын. Аударма туындылардың мазмұны қызық та тартымды, жеңіл де жинақы өріс алады. Көркемдік мұраттар, құрылымдық һәм рухани сипаттар, тілдік-стильдік өзгешеліктер де дәнекер жанр табиғатымен үндестікте, үйлесімді қалыпта беріледі. Тақырып мәнді, мазмұны тартымды. Оқиға жүйесі жеңіл, табиғи өріс алады. Бастысы, аударма негіздері, құндылық қырлары айқын. Көркемдік мұраты мәнді сипат алады.

Б.Бұлқышевтың шығармашылық мұрасының өрнекті өлкесі, ақындық өнерін биік белеске көтерген туындысы – «Айсұлу» поэмасы. «Айсұлу» поэмасы – өмір оқиғаларына құрылған һәм бай мен кедей қарым-қатынасын, әйел теңсіздігі мәселесін, таптық көзқарастардың қыр-сырларын кең түрде, көркем сипатта, жан-жақты суреттейтін туынды. Поэмадағы басты оқиға – кедей қызы Айсұлудың қарапайым халыққа қокан-лоқы көрсетіп, қырғидай тиген қарақшы Қаленнің қолына түсіп, ауыр азап, зорлық-зомбылықтың алуан түрін көргенін, бостандыққа құштарлығы мен ұмтылысын нақтылы көріністермен кең көлемде көрсетеді. Адам мұраты, азаттық сипаты, еркіндік сырлары терең ашылады.

«Алматы – қалам менің» романы (аяқталмаған) кіріспеден, екі бөлім, бірнеше бөліктерден тұрады. 1941-42 жылдары жазылғаны көрсетіледі. Жазушының «Заман біздікі» кітабында «Алматылықтар» деген атпен беріледі (құрастырған С.Асқаров, Алматы, Жалын, 1984ж.158-247 беттер). Туынды табиғатын Гетенің: «Адам өмірінің ең биік шыңы – жастық» деген даналық мәйегіне толы қанатты сөзі эпиграф міндетін атқарып тұрып-ақ ап-айқын ашқаны ақиқат жайттардың, шындық сырларының бірі дер едік. Осының негізінде, әрине адам мұраты, өмір мәні кең түрде көрсетіледі. Роман аяқталмағандықтан, жанр жүйесі, көркемдік арналар, стильдік құбылыстар туралы айту, байыпты бағалау қиын, әрине. Алайда, аталмыш роман туралы түсініктемеге ден қойсақ, көп жайттарға көз жеткізеріміз анық: «... Баубектің соғыс кезінде жазылып жарияланбаған шығармаларының бірі – «Алматылықтар» атты бітпеген романы. Бұл роман автордың жоспарлауы бойынша төрт бөлім болмақ еді.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымының
докторы, профессор.

(«Ана тілі» газетінен).

(Жалғасы бар).

Баубек БҰЛҚЫШЕВ:

«ЕР ӨЛМЕК ЕМЕС ЕШҚАШАН»

«Заман біздікі» – ел-жер жайлы толғаныстарға толы. Перзенттік парыз бен қарыздың шынайы шындықтарға суарылған сырлы сезімнің қуат-күші бар асылдан да биік, жоғары. Азаттық пен бостандықтың өлшемі, татулық пен туысқандықтың таңбасы айқын. Бейбіт өмірге құштарлық пен балалық шаққа саяхат, жастық пен достық сырлары шындық жәйттарды арқау етуімен де мәнді. Ең бастысы, әрине өмір мен өлім өлшемі, соғыс пен бейбітшіліктің бағасы – адам мұраты, арман-аңсары, еңбек тынысы негізінде кең өріс алады. Шығарма мұратынан: ел-жер, тарих пен тағдыр, жастық пен достық сырлары былай беріледі: «Біз, жастар, тағдырымыз сенімен байланысты екенін білеміз, туған жер. Біз сенің топырағыңда ғана бақытқа бөленбекпіз. Өмірдің биік шыңына қол созамыз, адам дүниесінің сала-саласына ой жүгіртеміз. Біз бақытты жастар едік. Сенің үстіңде қуанышқа кенеліп, той тойлаған күндер есте. Бүгін сенің үстіңде жаумен жағаласудамыз. Біз сенің үстіңде тудық, сенен өстік, керек болса, сенің үстіңде өлеміз де. Бірақ, «жауға беріп қоймаймыз сені. Серт осы. Біз оған ант етеміз, ізгі ана!

...Біздің заман таласта! Жастық шағымызды қырау шалғалы тұр! Бірақ біз өз заманымызды ешкімге бере алмаймыз! Заман біздікі! Өз заманымыз үшін жан пидә! О, жастар! О, құрбылар! Біз келешек ұрпақтардың алдында жауапты болмайық, біз олардың келешегін өртке шалдырмаймыз. Біз аталарымыз қанды майданда күреспен жеңіп алған тамаша дәуірді мақтанышпен өткізуіміз керек... Біздің орнымыз жауынгерлердің алдыңғы

«Жауыздық пен махаббат» (Бір құрдас туралы хат) – майдан даласын, соғыс шындықтарын, тарих пен тағдыр талқысын кең көлемде көрсетеді. Майдандағы қиын-қыстау кезеңдердің куәсі – ескі картада мол сыр бар, ол – жауынгерлердің соғыстағы іс-әрекеттері, өмір мен еңбек жолдары, тарих пен тағдыр тауқыметтері, пулемет-пушкарлардың топографиялық белгілері, ел-жерге, елдік пен ерлікке қатысты көзқарас-қолтаңбалар, т.т. Сондай-ақ майдан даласында, окопта он сегіз сағат оқ пен от ортасында болған жауынгерлердің елдік пен ерліктің үлгі-өнегесін, табандылық пен тұрақтылықтың, достық пен туысқандықтың шын мәніндегі жарқын көріністерін көрсетеді. Жауынгерлердің Отанға, ел-жерге шынайы берілгендігі, жолдастық-достыққа адалдығы, өзара қарым-қатынас, бірліктері реалистік сипаттарымен сенімді суреттелінеді.

Тақырып табиғаты әр алуан, мазмұн байлығы мен құрылым жүйесінде өзіндік өзгешеліктері мол – «Паровоз туралы ертегі», «Лагерьден қайтқанда», «Ұялдым», «Біздің кеңесіміз», «Пушкин қазақ әдебиетінде» сынды шағын көлемді туындыларды өмір мұраты мен адам еңбегі, достық пен жастық сипаттары, инабат пен ізгілік иірімдері, мәдени-рухани құндылықтар хақындағы келелі мәселелер көркем де мәнді жеткізіледі. Автор қайсыбір көрініс, тақырыптарды барынша бедерлі, бейнелі баяндайды. Адам өмірі мен еңбегін, қабілеті мен қайратын бәрінен де жоғары қояды. Қоғамдағы, өмірдегі бар жақсылық, жетістіктер адам еңбегі арқылы атқарылатынын мақтаныш етеді. Соған сеніп, үлкен үміт артады. Тақырып-

бірлік пен береке, соғыс пен бейбітшілік, тарих пен тағдыр тағылымдары кең орын алады. Ел бірлігі, қоғамдық келісім, татулық пен туысқандық, достық сырлары мол. Атамұра мен атамекеннің қадір-қасиеті, ел-жерді қорғау ісіндегі кәделі де сауапты мұраттар – Қобыланды мен Тарғын, Исатай мен Махамбет, т.б. өмірі мен өнегесі, ерлік тағылымдары арқылы көрсетіледі. Елдік мұрат, ерлік үлгі етіледі. Батыр бабаларымыз бен би-шешендер өнегесі, қысқасы ұлттық мұрат, дін-дәстүр тағылымдары, отаншылдық-патриоттық рух, оған адалдық, тұрақтылық сезімі серпінді сипат алады. Кавказдың тарихы мен тағдыры, Қазбек пен Эльбрус жайы, Эллада елінің қыр-сырлары да елдік пен ерліктің, өжеттік пен өршілдіктің сипаттары, ел-жерге құрмет, атамекенді аялау негізінде нанымды баяндалады. Бастысы, авторлық ұстаным, көркемдік мұрат айқын. Мұның бәрінен, атап айтқанда қоғамдық әлеуметтік ахуалдармен бірге, бастысы – адам факторына, оның өмірі мен еңбегіне, достығы мен махаббатына, сағыныш-сезімдеріне ерекше мән беріліп, көп көңіл бөлінеді.

Адам – қоғам байлығы, өмірдің мәні мен сәні, еңбек әміршісі, уақыт қожасы, – деген мақсат-мұраттар айқын. Бұл – қазір де мәнді, өзекті мәселе. Б.Бұлқышевтың әдеби мұрасының едәуір бөлігін поэзиялық туындылары құрайды. Оларды тақырып, құрылым жүйесіне қарай: арнау өлеңдер, балаларға арналған жырлар, аударма туындылар деп топтауға әбден болады. Айталық, арнау өлеңдер қатарын – «Тәтті жыр» (Абайға), «Жамбылға», «Арнау» (А.Пушкинге), «Ұлы ақын» (Т.Шевченкоға), «Орындалған

гілік иірімдері – «Жаңа дүние», «Жауынгер», «Құтты қонақ», «Жолаушы сыры», «Досыма», «Балтық жағасында», «Еврей қызы», т.т. өлең-жырлардың басты арқауын, көркемдік мұраттарын құрайды. Балаларға арналған – Балбөбек», «Пионер, алға», «Оқушы жыры», «Медальды овчарка» сынды өлең табиғатынан өмірге, өнерге құштарлық айқын, еңбекке, ерлікке ұмтылыс мол. Кішілік пен кісілік, келісім мен үйлесім сипаттары адам әлемімен, адамгершілік-сыйластық сынды асыл мұрат, биік борыштар тұрғысында сөз етіледі. Адам әлемі кең орын алады. Аталған туындылардың басты белгі-ерекшеліктері – адам өмірі мен өнегесіне, еңбек мұраттары мен жастық, достық сынды аяулы да қымбат қасиеттеріне құрмет көрсетіледі. Аға ұрпақ өкілдерінің үлгілі үрдіс, тәлімді тәжірибелері мадақ сезіммен жеткізіледі. Тарихқа тағзым етіліп, кемел келешекке мол үміт-сенім артылады. Уақыт тынысы, өмірге құштарлық мол.

Б.Бұлқышевтың мақалалар топтамасынан («Жазушылармен өңгіме», «Біздің кеңесіміз», «Большевик жазушы», «А.И. Герцен», «А.Н.Островский», «М.Е.Салтыков-Щедрин», «Анри Барбюс», «Реалист жазушы Бальзак», «Пушкин қазақ әдебиетінде», «Абай және Пушкин», «Балаларға жақсы кітаптар керек», т.т. жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс, көзқарас пен қолтаңба, жанр жүйесі мен көркемдік кеңістігі кең түрде көрінеді. Қоғамдық құбылыстар, қаламгер мұраты, стильдік сипаттар сыры да ашылады. Ой-сөз жүйесі, эстетикалық талаптар да жіті танылады. Жазушының аударма мұрасында («Жолдас құстар, күттік сізді, сіздер үшін

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясына – 70 жыл

Өлкей Хақанұлына етене жақын ғылым салаларының бірі – халқымыздың көне мәдениетінің тарихы, археологиясы. Ғұлама ғалымның Қазақстан ғылымына қалдырған баға жетпес мұрасы Орталық Қазақстанмен тығыз байланысты. Оның басшылығымен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылып, 30 жыл осы экспедицияны өзі басқарды. Міне 70 жылдан бері ұлы тұлға құрған экспедиция (ОҚАЭ) ғалымдары тұтастай Қазақстан және Сарыарқа аймағында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, қола дәуірінің және алғашқы көшпенді тайпалардың мәдениеті мен шаруашылығын жан-жақты зерттеп келеді.

Ө.Марғұлан Орталық Қазақстандағы көне мәдени ескерткіштерді түбегейлі зерттеу арқылы, ұлтымыздың қалыптасу кезеңдерін дәлірек анықтап, ғылыми тұрғыда баға берген қазақ ғалымдары ішіндегі бірегейі. Ө.Х.Марғұлан құрған Орталық Қазақстан экспедициясы біздің өлкеміздің тарихын зерттеуде тың көзқарас қалыптастырды. Біздің қазіргі заманымыздан төрт мың жыл бұрын қазақ даласы қола мәдениетінің аса ірі орталығы болғанына сол өңірден табылған мыңдаған ірі қорғандар, қала-қоныс орындары, кен өндірген күрделі шаруашылық алаңдары айғақ. Орталық Қазақстанның бір өзінен Өлкей Марғұлан бастаған экспедиция қола

лургия орталығы ретінде Жезқазған аймағы аса ерекше экономикалық және мәдени ошақтарының бірі болды. Біздің өлкені мекендеген халықтың маңызды шаруашылығының бірі – кен өндіру және одан металл балқытып шығару болған. Жезқазған аймағындағы металлургиялық қоныстарының анағұрлым ірілері: Милықұдық, Айнакөл, Сорқұдық, Кресто-Воздвиженское (Кресто), Златоуст қоныстары болды. Бірақ қазіргі таңда, Жезқазғанның бірегей ескерткіштерінің арасында сақталып қалғаны аз. Бұрын болған ежелгі металлургия мәдениетінің орындары қазіргі таңда жаңа құрылыстарға толы.

Милықұдық қонысының тарихы қола дәуірінен басталып орта ғасырға дейін



Мәкен Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайындағы ең құнды әрі саяхатшылардың назарын аударатын экспонат – ежелгі балқыту пештері. Сарыарқа, оның ішінде Жезқазған аймағындағы біздің заманымызға дейінгі II-I мыңжылдықтар, яғни бұдан 4-5

талды тазартып пайдасына жаратқан. 1994 жылы 3 қараша айында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Жезқазған аймағына келген арнайы сапарында Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайында арнайы болды. Ата-бабаларымыздың ежелгі әдісімен Милықұдық үлгісіндегі

Өлкей марғұлан

және

КЕНДІ ӨЛКЕ ТАРИХЫ

жеткен. Халқымыз оны Елуқұдық деп атаған. Қ.И. Сәтбаевтың есептеуі бойынша қоныс аумағы – 10 га құрайды. Археологи-

пеште балқытылған металды Елбасымыз өз қолымен балға құйып, мұражайға ең бағалы экспонат қалдырды.

Жалпы Сарыарқа аймағында 80 көне балқыма алу пештерінің орындары, соның ішінде Жезқазған аймағын-



дәуіріне тиесілі 60-тан астам қоныс орнын тапты. Қазіргі уақытта Орталық Қазақстан территориясында ірі Ұлытау-Жезқазған тау-кен металлургиялық орталығы болғандығы жөніндегі дерек археологиялық тұрғыда дәлелденіп отыр. Археологтар аса мол кен орындарының болғанын анықтап, көптеген мыс балқытқан пештерді зерттеп, металлургия мен кеншілер мекен еткен бірқатар көне қоныстарды тапты. Бұдан Сарыарқаның жер асты қазынасы мол екенін және ертедегі металлургия өндірісінің тарихын ашатын мол материал жинақталды. Ө.Х.Марғұланның шәкірттерінің бірі, т.ғ.к. С.О.Жауымбаев соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулерге талдау жасап, мынадай қорытындыға келді: «Қазақ даласындағы металдан жасалған заттар еуропалықтарға қарағанда 6 есе көп, ал қоныстардан шығып жатқан заттай деректер 19 есе көп екен». Демек қазақ жерінде, оның ішінде Сарыарқа тау-кен өндірісі ерте дәуірлерден негізгі кәсіп ретінде дамыды.

Орталық Қазақстанның ірі метал-

дық қонысынан 140 шұңқыр табылған, тереңдігі 2 метр шамасында. Сонымен қатар, 25 балқыту пештің орындары табылды. Осындай шұңқыр пештер Сорқұдық және Айнакөл қоныстарынан да табылған.

Сорқұдық қонысы – қола дәуірінде үлкендігі бойынша Милықұдықтан кейінгі Жезқазғандағы екінші металлургия орталығы. Жезқазған қаласынан 15 км қашықтықта орналасқан. «Культурный пласт Соркудука почти целиком относится к эпохе бронзы». (А.Х.Марғұлан. Сочинения. 2-том, А.2001. 64-стр). Қоныс қола дәуірінен бастап, орта ғасырды қамтиды. Сорқұдық қонысын 1945 жылы А.В. Кузнецов пен Н.В. Валукинский зерттеген болатын. Қоныстан 18 үйдің орны шықты, көлемі 6х8 м, 8х12 м, тереңдігі 1,3 м. Сорқұдық қонысынан табылған пештер және руда, шлак қалдықтары, тастан жасалған еңбек құралдарын саралай келе Ө.Х. Марғұлан бұл қоныс қола дәуірінен орта ғасырға дейін адам баласына қызмет жасады деген қорытындыға келген.

17000 астам бағалы қоры бар

мың жыл бұрынғы өркениетті, материалдық мәдениетіміздің ерекше дамығандығын айқындайтын бірден-бір ескерткіш, ежелгі кен қорыту пештерінің орындары. «Ежелгі заводтардың» ғылыми негізін дайындау Қ.И.Сәтбаев, Ө.Х. Марғұлан, Н.В. Валукинскийдің еңбектеріне сүйеніп жасалды. Мұражайдың экспозициялық залында көне заманда мыс, қола балқытылған пештердің схемалық көріністері, пайдалану әдіс-тәртібі, технологиясы жан-жақты көрсетіледі. Мұражай алаңында осындай пештердің екі үлгісі бар. Біріншісі – Ағадар ауданы Атасу мекенінен табылған пеш, екіншісі – Милықұдық қонысында пайдаланылған балқыту пеші. Өнім алу үшін жоғарғы температурада, металды кен жынысынан айырып алу үшін үздіксіз көрікпен үрленеді. Бұл процесс 10-12 сағатқа дейін созылған. Отын үшін, сексеуіл мен ағаш көмірі, болмаса мал сүйектері, жанғанда қызу беретін барлық отын түрін пайдаланған.

Екінші пеш – Милықұдық үлгісі – Жезқазған төңірегіндегі ең көне пеш болып табылады. Мұражайда балқыма негізінен осы пештен алынады. Бұл пештің ерекшелігі – бірнеше рет пайдалануға мүмкіндік беретіндігі. Атасу пешінде қорытпа пештің түбіне жиналады, жұмыс біткен соң пешті ашып, ме-

да 30-ы, Қарқаралы аймағында 25-і, Сарысу өзені бойында 10-ы, Ұлытау аймағында 10 балқыту пеш орындары табылды. (А.Х.Марғұлан. Сочинения. 2-том, А.200. 71-стр).

Ғалым бүгінгі Жезқазған, Спасск, Успен, Саяқ, Атасу және т.б кен орындарының заманның дамымаған кезінде ата-бабамызға металлургия ошағы ретінде қызмет жасағанын ашып көрсетіп кетті. Бұл еңбегі үшін 1967 жылы Ө.Х. Марғұлан бастаған бір топ ғалымға Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ғұлама ғалым өз өмірін Қазақстанның көне мәдениетін, ежелгі сәулет өнерін, тұрмыс салтын, археологиясын, этнографиясын ұштастыра тынбай зерттеді. Гуманитарлық ғылымды мейлінше жан-жақты игерген тамаша ғалым Ө.Х.Марғұлан ең алдымен халық үшін, ғылым үшін археология саласында ғаламат еңбек етіп, өнеге таратқан парасатты ғалым. Ол негізін қалаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы біздің өлкеде қазба жұмыстарын табысты жалғастырып келеді.

**С.ҚАЖЫКЕН,
М.Төрегелдин атындағы
Жезді кентіндегі тау-кен және
балқыту ісі тарихы мұражайының
қызметкері.**

Мерекелік мерейі

МЕРЕКЕЛІК ҚАБЫЛДАУ ШАРАСЫ



Аудан әкімшілігінің акт залында ҚР Мемлекеттік қызметкерлер күні мен полиция қызметкерлері күндеріне орай аудан әкімі Х.Омаров осы салалар қызметкерлерін қабылдап, марапаттау шарасын жүргізді. Қабылдауда аудан басшысы екі сала қызметкерлерінің де тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеу бағытындағы өркенді істеріне оң баға беріп, қызметтеріне сәттілік тіледі. Аудан әкімі қабылдауында шығып сөйлеген жергілікті полиция басшысы А.Дүйсенбаев қос мереке иелерін құттықтай отырып, осынау маңызды мерекелерге шынайылықпен мән берген аудан басшылығына деген ризашылығын да жеткізді. Мерекелік қабылдауда полиция қызметкерлері салтанатты түрде ант қабылдап, соңы аудан өнерпаздарының мерекелік ән-күйіне ұласты.

Өз тілшіміз.



ҚОҒАМНЫҢ ҚОРҒАНЫ – ҚЫРАҒЫ САҚШЫЛАР

Кайрат ЖҰМБАЕВ

Тәуелсіз мемлекетімізде жылдағы дәстүр бойынша 23 маусым – Қазақстан полиция күні ретінде аталып өтіледі. Осыдан 24 жыл бұрын ел Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген болатын. Содан бері бұл күн полиция қызметкерлеріне ерекше көңіл-күй сыйлап, төл мерекесіне айналды.

Қазіргі таңда бұрынғы «милиция» полиция болып өзгерген. Бірақ, өзгермеген бір ғана нәрсе бар, бұл полицияның халық алдындағы міндеті. Өйткені, полиция да милиция секілді қорғауға бағытталған құрылым. Шын мәнінде, полиция жұмысы

ауқымды, тек осы мамандықты жүрек қалауымен таңдаған жандар ғана темірдей қатаң тәртіпке төзе алады. Қылмыстың бетін ашуға да айла-тәсіл, білімділік, батыл жүрек керек. Біз мереке қарсаңында осыны аңғардық. Полиция қызметкерлерімен жүз-

тілдесіп, бес айдағы жұмыстың мәліметін сұраған едік. Өз ісіне мығым, тұңғық көзді, қараторы, қайратты жігіт тізгендей тізіп айтып берді. Оның айтуынша, үстіміздегі жылдың бес айында 46 қылмыстық оқиға тіркеліпті. Былтырғы жылмен салыстырғанда (13,2%-ға) төмендеген. Ал, 2015 жылы 53 қылмыс тіркелген. Ауыр қылмыстар саны 3, былтырғы жылмен салыстырғанда (25,0%-ға) азайған. 2015 жылы 4 ауыр қылмыстарды ашу деңгейі (66,7%), 2015 жылы (50,0%) өте ауыр санаттағы қылмыс тіркелмеген. Қылмысты ашу деңгейі көңіл көншітерліктей. Жалпы қылмыстарды саралап қарасақ, ауыр түрде дене жарақатын салу қылмысы 2-ден 0-ге, бұзақылық қылмыс 4-тен 1-ге (75,0%-ға) төмендесе, мал ұрлығы қылмысы 6-дан 8-ге (33,3%-ға), қылмыс ашу деңгейі (42,9%-ға), бөтеннің мүлкін ұрлау қылмысы 15-ден 22-ге (46,7%-ға), қылмысты ашу деңгейі (48,3%-ға), ұялы телефон ұрлау қылмысы 0-ден 3-ке, қылмыс ашу деңгейі (33,3%-ға) пәтер тонау қылмысы 0-ден 5-ке, қылмыс ашу деңгейі (50,0%-ға) былтырғы жылмен салыстырғанда өсіп отыр. Бір қуанарлығы жасөспірімдер арасында қылмыс оқиғасы тіркелмеген. Биылғы жылы қоғамдық орындарда 5 қылмыс, ащы судың әрекетінен 13, бұрын



сотты болып қайта қылмыс жасаған 8, көшеде жасалған қылмыс 1, қазіргі таңдағы көрсеткіші осы тұрғыда белгілі болып отыр. Аудан көлемінде 4 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Былтырғы жылмен салыстырғанда (100%-ға) өсіп отыр. Осы жол-көлік оқиғасының салдарынан 12 адам өртүрлі дене жарақатын алған. «Бірдің кесірі мыңға» дегендей, жүргізушінің салғырттығынан өзгелерге залалы тиген. 2016 жылдың қаңтар айында ауданымызда жергілікті полиция бөлімі құрылған болатын. Сондықтан, біз полиция қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтау үшін атбасын бұрып, жергілікті полиция басшысының орынбасары,

полиция подполковнигі Төлеу Дүйсенұлын әңгімеге тартқан едік.

– Біздің басты ұстанымымыз – жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынаста болу. Сонымен қатар, көрші бақылауы, көше тазалығы, қоғамдық орындарда тәртіпті нығайту. Құқықбұзушылыққа жол бермеу, мал ұрлығының алдын алу. Нәдік теңдік бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу. Осы бағытта алғашқы қадамдарымызды жүзеге асырып жатырмыз. Қолбайлау болып отырған кемшін тұстарымыз да бар. Әсіресе, материалдық-техникалық базамыз өз дәрежесінде емес, бірақ, «көш жүре түзелер» дегендей, бірте-бірте ісіміз оңға басар деген ойдамыз, – деп әңгімесін түйіндеді.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» полиция қызметкерімен жүздескен шақта қоғамда болып жатқан көптеген жағымсыз әрекеттердің өрескел кемшіліктердің мән-жайын аңғардық. Недегенмен, осының бәріне төтеп беріп, қасқая қарсы тұрған полиция қызметкерлерінің еңбегіне дән риза болдық. Соңында айтарымыз, аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерін және жергілікті полиция қызметкерлерін, полиция ардагерлерін кәсіби мерекелері – Қазақстан полиция күнімен құттықтап, отбастарына амандық, жайлы тұрмыс, ұзақ ғұмыр тілейміз. Ұлтымыздың шынайы патриоты болып, абырой беделдеріңіз асқақтай берсін!



қырағылықты қажет ететін қиын қызмет. Ішкі тәртіпті қамтамасыз ету қандай да болмасын оны ашу сот алдында жауапкерлікке тарту полицияның алдына қойған басты міндеті. Тіпті сол қылмысты болдырмау, оның алдын алу үшін аянбай тер төгіп, қолдан келгенше ұтымды шараны қолданатын полиция қызметкерлерінің табанды, қажырлы еңбегінің арқасы. Олардың қызметі сырт көзге тып-тыныш мамыражай тірлік кешіп жатқандай көрінгенімен әр сәт сайын арпалыс, күрес, жанталас үнемі алаңдау үстінде қаннен-қаперсіз отырғанда жағымсыз оқиғалар, қоғамға жат әрекеттер үнемі кездесіп жатады. Оны дер кезінде ауыздықтайтын полиция қызметкерлері. Міне, осындайда «егер полиция органы болмаса қоғам қандай күйге түсер еді» деген ой келеді. Өрине, қоғамға, адамға залалын тигізеді. Сондықтан, полицияға жүктелер міндет орасан зор, әрі

десіп, шынайы болмысының куәсі болдық. Алғашқы әңгіме барысын аудандық ішкі істер бөлімі басшысының орынбасары, полиция капитаны Руслан Ділімұхамедовпен



ШЕЖІРЕЛІ ҚАРСАҚБАЙДА ӨТКЕН ТОҰ

Мұхтар ДӘУІТОВ

Мінген көлігіміз дөңестен аса бергенде зауыттың қос мұржасы «Қарсақбайға хош келдіңіздер!» деп қарсы алып тұрғандай әсерде болдық. Көше бойын жағалай өтіп жайқалған жазғы баққа келіп тірелгенімізде, жазғы клуб үйінен көңілді жадырататын әсем әуен үні төгіліп жатты. Мұнда медицина күнін мерекелеуге сан тараптағы елді мекендерден келген дәрігерлер, Жезді мұражайы дайындап әкелген жылжымалы көрмені қызықтап жатты. Жезді мұражайы қызметкерлері қандай мерекелік күндер болмасын, даталы күндерге арнаған көрмесін, түрлі іс-шаралардың шырайын кіргізіп жіберетінін бұрыннан білетін-



біз. Жездінің мұражайы дайындап әкелген көрмені жандандыруға қарсақбайлық ОДА-ның аға дәрігері, Ұлытау ауданының құрметті азаматшасы Ұлмекен Хасенқызы көп көмегін көрсеткендіктен мұрағаттарда сақталып қалған көптеген медицинаға қатысты құжаттар мен байырғы дәрігерлердің фотосуреттері және олар жайындағы өмірбаян деректері алдымыздан жарқ етіп шыға келді. Көрмеден байқағанымыз Ұлытау-Жезқазған аймағы өлкесінде тұңғыш аурухананың 1926 жылы ашылғандығы еді. Сол жылдардан бастап Қарсақбайда денсаулық сақтау ісінің тамаша мектебі қалыптасыпты. Қазақстаннан шыққан тұңғыш дипломды медицина қызметкерлері Жаңабай Ниязбеков, фельдшерлер Айбас Байтабынов, Елемес Баржақсиновтар халыққа қызмет етіп, түрлі жұқпалы аурулардан елді аман алып қалған жайсаң жандар болыпты. Өлке шежіресінде алғашқы денсаулық сақтау ісіне биыл тура 90 жыл болғандығын осы көрмеден көріп, білдік.

1913 жылы тағдыр тәлкегімен Қарсақбайға жер аударылған революционер И.В.Деев Байқоңыр көмірлі кенішінде 10 тесектік учаскелік аурухананы меңгеріп қана қоймай, мысты өңірдің алыбын дамытумен бірге адамдардың денсаулығын сақтау саласында да көп үлесін қосып, Қарсақбай мыс балқыту зауытының тұңғыш директоры міндетін атқарумен жалғастырып келген. Ұлытау-Жезқазған аймағында 1862 жылы Атбасар уезінің Ұлытау болысында дүниеге келген (қазіргі Қаракенгірде) Айбас Байбосынов Омбыдағы фельдшерлік мектепке түсіп, оны 1882 жылы тәмамдап, туған елге қайта оралып, 30 жыл бойы ат үстінде түспей ажал арашашысы болған. Оның атпен жүріп бармаған жері, баспаған тауы қалмапты. Оның қолынан емделіп шыққан жандар да аз болмаған. Сол кездері елге жиі тараған жұқпалы аурулардың індеті көп болып, Айбас Байбосыновтың профилактикалық іс-шаралар жүргізген.

Тарихи деректерге қарағанда оба, сүзек, шешек аурулары эпидемиясын жоюда көптеген уездердің экспедицияларына қатысқан. Оның өз мамандығына өте адал, шын беріле еңбек еткені жөнінде замандастары жазып қалдырған мінездемелерінен байқалады. Омбыдағы

мандық иелерінің еңбектері — әрдайым құрмет пен сыйға лайық! Өйткені олар мемлекетіміздегі дені сау жастардың елді дамыта түсуіне жағдай жасайды. Алыстан ат шалдырып жеткен ақ желеңді қонақтар тізіліп сапқа тұра бастағанда бағдарламаны жүргізушілер:

Қолың шипа, дертке
дауа сөздерің,
Жылу берер күлімдеген
кездерің.

Денсаулығың
мықты болсын, дәрігер,
Көп болсыншы

ауру жеңген кездерің — деп жыр жолдарын оқығанда, ақжаулықты әжелер жағалай жүріп барша қонақтарға тәттілерден шашуларын шашты. Қарсы бетте тұрған балғын спортшылар көпшілік алдында қаратз күресінің тәсілдерін көрсетіп, қонақтардың көңілінен шығып жатты. Шашулар шашылып, жас спортшылардың көрсеткен өнерлері біткен соң Қарсақбай кентінің әкімі Б.Нұрғазин барша дәрігерлер қауымын төл мерекелерімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Жазғы саябақтағы клуб сахнасында қарсақбайлық көркемөнерпаздар дайындаған концерт басталып, қалың жұрт «Әжелер» ансамблінің орындауындағы халық әндері «Әриайдай» және «Ахау, керімді» сүйсіне тыңдап,



дүркірете қол соқты. Бұдан соң Гүлмайра Айжітова «Арал» туралы термені орындаса, Еділ Тілеубергеновтің шырқаған әндері халықтың көңілінен шығып жатты. Өсіресе Арайлым Өтеген мен Алтынай Асан қосыла шырқаған «Ақ халатты абзал жандар» әні бүгінгі мерейтойдың тақырыбына сай келетін сазды әуен болды. Концертті ұйымдасты-



рушылар да тамаша шешімін тауып орындаған әндерін жан-жақтан келген дәрігерлер ұжымына шашу ғып шашса, күні-түні көз ілмей алаң болатын ізгі жандарды да кенттегі әр саланың басшылары Алғыс хаттармен марапаттап, Қарсақбай ауруханасының 90 жылдығына арнап дайындалған кәдесыйларды тарту қылып жатты. Концерттік бағдарлама, марапаттау кезеңі аяқталған соң жазғы саябақта волейболдан спорт жарысы басталды. Жезділік дәрігерлер командасы бірыңғай спорттық киімдерімен алаңға

түскен. Өлгі командалардың ұлытаулықтармен сайыстарда белсенділік көрсеткендіктері соншалық ойын қызығын тамашалап тұрған қарсақбайлық волейболшылар осылардан үлгі алсақ деген ойда болды. Ұлытаулықтар да осы ойындарда қарсыластарына дес бермей Өлібек Нұрахметов, Зәуре Мыр-

забековалар талайларды тамсандырған еді. Ойын барысында сәл кемшіндеу қалған аманкелділіктер мен қарсақбайлықтар волейболдан жеңіс тұғырына жете алмағанымен де басқа спорт түрлерінен озып шығуға сенімді еді. Шыңдығына келсек, кір тасын ұршықша иірген Өлібек Нұрахметов I-орынды жеңіп алса, аманкелділіктер командасынан Жұман Баймұратов II-орын, сарысулық Махмат Усманов III-орынды еншіледі. Қыздар мен ерлер арасындағы қол күресінен өткен сайыста да жеңімпаздар анықталып, Ұлытау, Қаракенгір, Сарысу командалары тиісінше марапаттарға ие болды.

Мереке соңы кент орталығындағы Мәдениет үйінде жалғасып, ақ халатты абзал жандар дастархан басында бір-біріне ыстық лебіздерін білдіріп, осы өңірдің сүйікті дәрігері Ұлмекен Қожасова мен оның ұжымына жиналған әріптестері рахметтерін жаудыртып жатты. Жезді кентіндегі ОДА-ның ұжымы Ұ.Қожасоваға естелікке картина тарту етті. Мол дастарханнан қонақтарға дәм тарттырған ол осы игі шараны ұйымдастырып, өткізуге кент әкімшілігі, зауыт ұжымы, мектеп пен балабақшалар, өрт сөндіру бөлімшесі, мұражайлар мен Мәдениет үйінің және Аграрлық колледж ұжымдары атсалысқандығын айтты. Ұ.Қожасова спартакиадалық спорт ойындарының символіне айналған сегіз өрім қамшыны аманкелділіктерге табыстай отырып, «енді бәрімізге келер жылғы медицина қызметкерлеріне арналған мерекеді тарихы мол, киелі Аманкелді ауылында амандықпен кездесу жазсын» деді. Ұ.Қожасова Қоскөл ауылы мен Байқоңыр, Ақтас, Пионер елді мекендерінің және өз қасында жүрген медбикелерге тамаша сипаттамалар беріп, «Маған жасалып жатқан халықтың құрметі — осы кісілердің арқасында келіп отырған абырой!» деп ақтарылды. Әр кез сырқаттардың шақыртуына көнерген «жедел жәрдемімен» дайын тұратын жүргізуші Серік Қожахметовке, Байқоңырдағы бөлімшесіндегі майталман жүргізуші Айбек Әубәкіровке және өзінің жекеменшік көлігімен аянбай сырқаттарға жеткізіп жүрген қарақұмдық Қанат Ізденбаевтарға рахметін айтып, торқалы 90 жылдық тойға тартуларын тарту етті.

Қарсақбай кенті.

Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан!

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) айтты: «Менің үмметіме бұрынғы қауымдарға берілмеген бес түрлі ерекше нәрселер берілді. Ораза ұстаушының аузынан шығатын иісті Алла Тағала мускустың иісінен де артық ұнатады. Олар үшін судағы балықтар ауызашарға дейін жарылқау тілеп тұрады. Олар үшін әр күні жәннат безендіріледі және Алла Тағала айтады: «Менің тақуа құлдарым көп ұзамай дүниенің ауыртпалықтарынан құтылып, саған келеді». Рамазан айында бағынбайтын шайтандардың барлығы шынжырмен бұғауланады, сондықтан олар бұл кезде Рамазаннан тысқары кездегідей өздерінің жамандық істерін іске асыра алмайды. Және кім Ораза тұтса ең соңғы түні ол кешіріледі». Сонда сахабалар сұрады: «Бұл Қадір түні ме?» Расулұллаһ (с.ғ.с.) жоқ, жұмыс аяқталғанда қызметшілермен есеп айырысады емес пе»,—деп жауап берді. (Әбу һурайра, ради Аллаһу анһу). Расулұллаһ (с.ғ.с.) бұл хадисте өзінің үмметіне тиесілі бұрын ешбір қауымға берілмеген Алла Тағаланың бес түрлі нығметін атап көрсетті. Егер біз бұл нығметтердің бағасын білген болсақ, осынау ерекше сыйлықтарға ие болу үшін бар ынта-ықыласымызды салар едік.

Бірінші игілік – ашқұрсақ кезінде ораза тұтушының аузынан шығатын жағымсыз иіс Алла Тағалаға мускустың иісінен де көбірек ұнайды. Бұл туралы шейх Маулана Мұхаммад былай деп пікір өрбітеді. Біріншіден, ақырет дүниесінде Алла Тағала бұл жағымсыз иісті мускустан да артық, жағымды иіспен ауыстырады. Екіншіден, қайта тірілетін қиямет күні адамдар қабірлерінен көтеріліп шыққанда, олардың ауыздарынан хош иіс аңқып тұрады, бұл олардың ораза ұстағандықтарының белгісі боп табылады. Ал бұл екеуінен де артық үшінші маңызы аса жоғары Алла Тағаланың бұл дүниедегі жағымсыз иісті мускустан да артық жақсы көруі. Бұл өзі махаббатқа қатысты. Кім біреуге ғашық болып, құштарлығы артса, оның жағымсыз иісінің өзі сүйшіге мың сан жұпардан да артық болмақ. Ораза тұтушы мұсылманның мақсаты – Аллаға барынша жақындау. Оның сүйіспеншілігіне бөлену. Ораза – Алла Тағаланың ең бір жақсы көретін ғибадат амалы. Әрбір жақсы амалдар үшін сыйлықтар періштелер арқылы беріледі, ал оразаның сыйлығын Алланың өзі береді, өйткені ораза ол үшін тап-таза. Біреулер бұл сыйлықты Алла Тағаланың өзі дейді. Ал сүйіктімен кездесуден артық қандай сыйлық болмақ?

Бір хадисте оразаның барлық құлшылықтарға алып баратын есік екендігі айтылады. Ол жүректі нұрландырады, сол арқылы құлшылықтардың барлық түрлерін орындауға адамның ынта-ықыласын тудырады. Әрине, ораза шын мәніндегі ораза болғанда ғана. Құр аштық ораза боп табыл-

майды, оның барлық ережелері мен әдептерінің сақталуы тиіс. Назар аударатын бір мәселе бар. Ауыздан шығатын жағымсыз иіс туралы хадистің негізінде бірқатар имамдар ораза тұтушыларға түстен кейін мисуак қолдануға тыйым салады. Ханафиттер пікірі бойынша, мисуакты кез-келген уақытта қолдануға болады, өйткені ол тістегі жаман иісті кетіреді,

оны жақсы көріңдер,— дейді. Барлық көктердің мекендеушілері оны жақсы көре бастайды. Одан кейін жерге ол адамды жақсы көру туралы бұйрық түседі. Міне, сондай адамды оның айналасындағылардың бәрінің жақсы көретіні таңқаларлық жағдай емес. Осынау сүйіспеншіліктің кең таралатыны соншалық, оны тіпті судағы мекендеушілер де жақсы көре бастайды

Рамазан айында Алла Тағаланың шарапатының күшеюі және құлшылықтың артуына орай, шайтандар бұл айда адамдарды жолдан тайдыру үшін күнәһарлықтың шектен шығуы үшін діңкелері құрып біткенше бар күштерін салған болар еді. Бірақ, соған қарамастан күнәлардың азаятыны анық байқалады. Рамазан айында арақ ішуін арнайы тоқтататын адамдар қаншама. Осылайша басқа күнәлардың да азаятыны айқындалған. Бірақ, бәрібір күнәлар істеледі. Хадис сөздерінде күнәлардың істелетіндігіне күмән келтірілмейді. Өйткені, онда бүлікшіл шайтандар шынжырланады делінген, демек күнәнің болатыны бүлікшіл емес шайтандардан екен. Әрине, енді бір хадистерде «бүлікшіл» сөзі қосылмай, тек шайтандар бұғауланады делінген. Өйткені, көбінесе сөздердің қолданысында айқындық болмауы мүмкін, ал басқа бір жерде оның анық мәні табылады, ендеше бұл хадистерде де бүлікшіл шайтандар туралы

тұрмайды. Күнәһарлықтың тағы бір себебін Расулұллаһ (с.ғ.с.) былай деп көрсетті, адам бір күнә жасаса оның жүрегінде бір қара дақ пайда болады. Егер ол оған өкініп, тәубаға келсе, ондағы дақ жойылады, ал оны істемесе қалып қояды. Егер ол тағы күнә жасаса, тағы бір дақ пайда болады. Жүрек түгел қарайып кеткенше осылай жалғаса береді. Содан соң мұндай жүрекке ізгілік кіре алмайды. Бұл туралы қасиетті Құран-Кәрімде Алла Тағала айтты: «жоқ, бәлкім олардың жүректеріне істеген қылықтарының таты басты» (Мутаффифин 83:14). Мұндай жағдайда жүрек өзінен өзі күнәға бейім тұрады. Осылайша рамазаннан басқа уақытта жасаған күнәлар себебінен жүрек қараяды. Ал ондай жүрекке күнә істеу үшін рамазанда шайтанның керегі де болмай қалады. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл шайтан шынжырмен бұғауланған жағдайда да рамазанда күнә істердің болуы хадистің мағынасына қайшы келмейді, ал егер бағынбайтын бүлікшіл шайтандардың бұғаулануы туралы сөз болса, оған тіпті дау жоқ. Және бұған әрбір адам жақсы істер істеу үшін немесе күнәлі істерден тыйылу үшін басқа уақытқа қарағанда қасиетті рамазан айында аса көп күш жұмсаудың қажеті болмайтындығын өз тәжірибесі арқылы көз жеткізуіне болады. Шах Мұхаммад Исхақ хазіреттің, рахматуллаһи алейһи, пікірі бойынша бұл хадис адамдардың екі тобына қатысты, яғни, күнәһарлар үшін тек өркенірек шайтандар, ал тақуа адамдар үшін барлық шайтан бірдей кісенделеді.

Бесінші игілік – кімдер ораза тұтса, солардың барлығының рамазанның соңғы түнінде кешірілуі Рамазан айында ең ұлық – Қадір түні болғандықтан, сахабалар мұндай орасан зор игілік сол түнге тән шығар деп ойлады, сонда Расулұллаһ (с.ғ.с.) Қадір түнінің игілігі бөлек екенін, ал бұл игіліктің рамазан айының соңғы күніне тиесілі екенін айтты.

**Әнуарбек ДӘУЛЕТКЕЛДІҰЛЫ,
Сарысу ауылы
орталық мешітінің
бас имамы.**

ОРАЗА ТҰТУШЫНЫҢ БЕС ИГІЛІГІ

ал аталмыш хадисте тістегі емес, асқазаннан шығатын жағымсыз иіс туралы айтылып тұр.

Екінші игілік – балықтардың жарылқау тілеуі. Бұдан ораза ұстаушыға оқылатын дұғаның көптігі білінеді. Бұл көптеген хадистерде келтірілген. Бірқатар хадистерде ораза тұтушыларға періштелердің жарылқау тілеп тұратыны айтылған. Алланың елшісі (с.ғ.с.) айтты: «Алла Тағала қашан біреуді жақсы көрсе Жәбірейілге, алейһиссәлам, былай деп бұйырады: «Мен бұл адамды жақсы көремін, сен де оны жақсы көр». Содан бастап ол адамды Жәбірейіл, алейһиссәлам, жақсы көре бастайды, сосын ол көктер әлеміне жар салып, пәленше деген адамды Алла Тағала жақсы көреді, сендер де

және оған жарылқау тілеп, дұға қылады. Яғни, бұл – сүйіспеншіліктің құрылықтан асып, теңізге жетуі – оған деген махаббаттың биік дәрежесі боп табылады.

Үшінші игілік – бұл жәннаттың безендірілуі. Бұл туралы да көптеген хадистерде келтірілген. Бірқатар хадистерде ораза үшін жәннаттың безендірілуі жылдың басынан (мухаррам айы) басталады деп айтылады. Күткен адамның келуіне қаншалықты көңіл бөлінсе, оның дайындығына да соншалықты ерте көңіл бөлінеді, немесе адамдардың үйлену тойына бірнеше айлар бойы дайындалатыны сияқты.

Төртінші игілік – бүлікшіл шайтандардың шынжырмен бұғаулануы. Соның себебінен күнәлардың күші азаяды. Қасиетті

айтылып тұрған шығар. Ал егер бұл хадистерде барлық шайтандарды түгелдей бұғаулау туралы айтылған болса да, бәрібір күнәлардың болмай қалмайтындығына тынышсыздандудың қажеті жоқ. Өйткені, күнәлар шайтандардың азғыруымен жасалатын болса да, ондай іске бойы үйреніп, жыл бойы байланысып, қабысып, нәпсінің соған бейімделетіні соншалық, оның ырқынан шыға алмайды, біреудің сыртынан үлкенді-кішілі сөз тасу, өсек айту оған ғайбат боп сезілмейді, керісінше әдетке айналып кетеді. Міне, осындай себептерге байланысты рамазаннан басқа уақыттарда көп күнә жасаған адамдар рамазан кезінде де көп күнәлар жасайды. Ал нәпсі адамнан ажырағысыз болғандықтан, ол оған әсер етпей

Иман айнасы

ДӘСТҮРДІҢ НЕГІЗІ — ДІН

шылығын біле тұра даңғазалыққа жол беретініміз қалай? Жаназа дастарқанын жайнатып қою шарифатқа келмейді. Сонда да болса дастарқанды түрлі жеміс-жидекпен, неше түрлі тәттілермен жасандырып қоятындығымызға жол болсын. Тіпті той-томалақта арақ-шараптың алуан түрін алдымызға қою дәстүрі ерсілік емес пе?!

Қазір «ас береміз» деген сөз өз мәнін жойған сияқты. Үш жүзге сауын айтып, ат жарыстырып, балуан күрестіріп ас беру дәстүрі қазақта бұрын болған. Бүгінгі беріп жүргеніміз шын мәнісіне келгенде жамағатқа дәм татырып, әруақтарға құран бағыштау. Олай болса оны өз мағынасында «көпшілікке құдайы дәм татырып, марқұмдарға құран бағыштаймыз» деп турасын айтсақ артық па? Осындайда орамал шаршы, көйлек-көншек үлестіру де орынсыз. Бұл талай рет айтылып, жауыр болған мәселе. Рас, қайсыбір көзі қарақты, сауатты азаматтар басқарған жерде мұндай келеңсіз

көріністер тыйылып келеді. Осындай дәстүрді іле қолдап кету баршамыздың борышымыз болса игі.

«Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деген қазақ атамыз «Жарлы болсаң да арлы бол» деп үндейді, «Ұят бар жерде иман бар» деп тұжырымдайды. Ал осы мақалдардың қай-қайсысы болса да шарифатпен тоғысып жатқандығы біздің Дәстүрдің негізі— дін деген пікірімізбен үндесіп жатыр. Әбу һурайдан /р.а./ жеткен риуаятта Алланың елшісі Пайғамбарымыз /с.а.с./: «Ұят—иманнан, ал иман жәнната болады. Бұзық сөз — дөрекіліктен, ал дөрекілік тозаққа болады» деген екен.

Күні бүгінге дейін өз қасиетін жоймай келе жатқан құнды дәстүріміздің бірі—қонақжайлылық. Бұл қастерлі дәстүріміздің де негізі дінде жатыр. Әбу һурайрадан /р.а./ жеткен риуаятта Алла елшісі /с.а.с./: «Кімде кім Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болса, қонағын құрметтесін, жақсылап күтсін» деген екен. «Қо-

нақ күтпейтін жанда қайыр жоқ» деп тұжырымдайтын да шарифат. Мұны бұрынғылар: «Әр қонақтың өз несібесі болады» деп бекіте түскен. Өкінішке қарай соңғы кездері біз ата-бабамыздан қалған осы бір игі дәстүрді ұмыта бастағандаймыз. Алыстан келген құдайы қонақты айтпағанда көршімізбен қарым-қатынасымыздың өзі бұрынғы сипатынан өзгеріп бара жатқаны ащы да болса шындық.

Қазақта «Жігіттіктің белгісі түзде мырза, үйде құл» деген ғибратты мақал бар. Бұл ұлағатты сөздің астарында түсінген адамға мейлінше қарапайым бол дегенді уағыздайды. Осыған байланысты Пайғамбарымыз /с.а.с./ «Жүрегінде зәренің мысқалындай тәкаппарлық бар адам жәннатқа кірмейді» деген екен Абдулла ибн Масғұттан /р.а./ жеткен риуаятта. Ендеше қай кезде, қай істе болса да қарапайым болған жөн.

Қайталап айтар болсақ, ұлттық дәстүріміздің қайсысы болса да ол діннен барша мұсылман бас иген ислам дінінен нәр алады екен. Олай болса алдымен қасиетті дінімізді, сол дінге негізделген байырғы дәстүрімізді қастерлейік, ағайын.

**Қайсар қажы АҚБЕРГЕНҰЛЫ,
Байқоңыр ауылының
имамы.**

Өлімсақтан бері Қазақ халқының өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан салт-дәстүрдің негізіне зер салатын болсақ, оның ислам дінінен қуат алғандығын аңғарар едік. Біздің күнделікті айтып жүрген мақал-мәтелдеріміздің де түп-төркіні —дін. Мысалы «Құдайдан сұрасаң кешірер, кісіден сұрасаң үніңді өшірер», «Адамнан сұрағанның екі көзі шығады, Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады», «Құдайға сиынған құстай ұшады, адамға сиынған мұрттай ұшады», «Алла деп барсаң аман келерсің» деген мақал-мәтелдердің қай-қайсысының болса да астарында діни терең мағына жатыр.

Қазақта «Құдайсыз құрай сынбас», «Қуған жетпес, бұйырған кетпес» деген мақалдар бар екенін бәріміз білеміз. Ал осы мақалдардың құранда жазылған Құдай сөзімен, аят-сүрелермен үндесіп жатқандығын біле бермейміз. Енді нақтылы мысалға жүгінейік: «Қандай да бір жапырақ жерге түспесін, ол да Алланың өмірімен болады» делінген Әнғам сүресінің 59-шы аятында.

«Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген мақалды орайы келгенде күнде айтамыз. Ал кейде «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегенді естен шығарып, «Біреудің сасығы бізге таңсық» деген жаңсақ жолға түсіп кететіндігіміз неліктен? Мысалы, аstatөк ысырапшылдықтың шарифатқа қай-

Ел іші — өнер кеніші

ЖЕЗДІНІҢ БОЛАШАҚ ЖҰЛДЫЗДАРЫ

«Бала — біздің болашағымыз» - демекші, өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты етіп тәрбиелеуде ата-ана мен мектептен алған білім ғана емес, баланың бойындағы басқа да жақсы ерекше қабілеттерін ашу үшін мектептен тыс өнермен берілетін тәлім-тәрбиенің маңызы өте зор. «Жезді жұлдыздары» халықтық ән-би ансамблінің атын өшірмей, сахнаның сәні мен сәулесі болған болашақ өнерпаз ізбасарлар көптеп тәрбиеленуде.



Өз қалауымен бейімділігіне қарай түрлі үйірмелерге қатысып, сахна төрінде өз өнерлерін көрсетіп жүрген өскелең ұрпақтар аз емес. Соңғы жылдары Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының сахнасында балалар ән, би, күй, драма өнерімен көрермендердің көшеметіне бөленіп, көзайым болып жүргендері анық. Сахнада жүрген атақты, белгілі жұлдыз майталмандарының түп-тамыры ауылдан өніп-өсіп шығып, қазіргі таңда халықтың ықыласына бөленіп, жұлдызға айналғандары қаншама. Міне, осындай Қазақстанның болашақ жұлдыздары Жезді кентіндегі №6 қазақ орта мектебі мен аралас мектеп-интернатында және «Таңшоппан», «Айгөлек» балабақшасында да өсіп келе жатыр десем артық болмас. Сол сияқты өнерпаз балаларымыз Мәдени-сауықтыру орталығындағы үйірмелерден шыңдалып, аймақтық, аудандық, қалалық, облыс көлеміндегі түрлі сайыстарға қатысып, үлкен сахналарды да бағындырып, шығармашылықтарын дамыту үстінде. Атап айтсақ Т.Ахметова басшылық ететін Жезді №6 қазақ орта мектебінен білім алып жатқан оқушыларымыз кентішілік ауқымды мерекелік іс-шараларда «Көркем» бишілер тобының Д.Қаһарман, Д.Сайдалина, Ж.Оразай, А.Алшынбек, А.Жанболатова, Е.Қорғанбекова, К.Абдухамитова, Н.Алтай, А.Тлеубергенова, А.Құсайыновалар қазақ биі «Шаттық», «Шашу», кәріс биі «Хань ен», өзбек биі «Андижан», испан мен ұйғыр билерін мың бұралып нақышына келтіре билеп, өз өнерлерін шыңдап жүр. Би үйірмесінің жетекшісі Ж.Даутпаева тобындағы 50-ге жуық әр баланың бойында биге деген құштарлықты байқап, өте жоғары дәрежеде шығармашылық жұмыс жасауда. Алматы қаласы VIII-ші Республикалық «Таланттарды іздейміз» ән-күй байқауында Бас жүлде, Қарағанды қаласы Республикалық «Шертпе күй» фестивалі «Арна» конкурс-концертінде ерекше өнер көрсеткені үшін Дипломмен, I-ші аудандық «Жас жігер» фестивалінде «жеке күй» бағыты бойынша I-ші Дәрежелі диплом иесі Д.Сайдалина мен осы конкурстарда бірге сайысқа түскен лауреат атағын 1-ші

дәрежелі алған диплом иесі, II-ші аудандық «Жас жігер» фестивалінде II-Дәрежелі диплом иесі К.Әбдухамиттың бимен қатар күйшілік өнерлеріне көрермендер дән риза болса, балалар саз мектебінің оқытушысы, «Жезкиік» және «Еркемай» домбыра ансамблінің жетекшісі М.Сұлтанғали осы балаларға бұрынғы заманнан келе жатқан ұлттық күйшілік өнерді дәріптеуде. Сәтбаев қаласында өткен М.Иманжановтың 100 жылдығына арналған көркемсөз шеберлерінің аймақтық байқауында I-орын иеленген К.Әбдухамит бойындағы би, күй өнерімен бірге драма үйірмесіне қатысып, өзін актерлық шеберлігімен көзге түсіп, тағы бір қырынан көрсетсе, дәл осы байқауда III-орын алған А.Тлеубергенова мен С.Есенғалиев басқарып отырған Жезді аралас мектеп-интернатының оқушылары Ж.Дихан, Ә.Мамыт сахналаған «Жетімдер» көрінісі көрермен жүрегінен жол табууда. Осы

«Көңілашар» драма үйірмесінің жетекшісі Ш.Искаков «Ауған қасіреті», «Бақыт деген не?», «Әкесі мен баласы», «Құдалар», «Әртістің әңгімесі», «Әккібайдың қулығы», «Қазақы қалжыңдар», «Күлкі туралы әңгімелер» сынды интермедиялар мен скетчерді және «Көңілді тапқырлар» клубының сахналық көрсетілімдері образдарды сомдаған Е.Қаһарман, Ш.Әбубәкір, А.Мұқан, Б.Шаяхмет, М.Абданбек, С.Абдрасилов сынды бала актерлардан болашақта үлкен сахнада жүретін мықты әртістерді дайындауда десек артық болмас. Әсем сазды әнімен әуелетіп ән салып жүрген жезтаңдай оқушыларымыз Алматы VIII-ші Республикалық «Таланттарды іздейміз» ән байқауында жүлделі орын иеленген С.Алпысбай, Ж.Нұрай мен түрлі байқауларға барып, үлкен сахналарды өзіне бағындырып жүрген А.Төлеубай, С.Әбдіқадыр, А.Әділбек, Ш.Әбубәкір кентішілік «Әнші ба-

лапан», «Күміс қоңырау» байқауларына қатысып, қазіргі таңда мерекелік іс-шараларда сахнада ән салып, көрермен көзайымы болып жүргені барлығымызға белгілі. Атап айтсақ Қарағанды қаласында өткен «Маленькая страна» балалар шығармашылығы конкурсында 2-ші орынды иеленіп келген Д.Сейтмағанбетова басшылық ететін «Айгөлек» балабақшасының үнді биі, жетекшісі: Ж.Смағұлова, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған балалар шығармашылығының аймақтық «Күміс қоңырау» сайысында «Мәңгілік ел» музыкалық-хореографиялық композициясымен жүлделі I-орынды иеленген А.Мұқышева басшылық ететін «Таңшоппан» балабақшасының бүлдіршіндері Мәдени-сауықтыру орталығының сахнасында өз өнерлерін көрсетіп, шыңдалып келеді. Осы балаларды өнге баулып, Мәдени-сауықтыру орталығындағы концерттік бағдар-

ламада сахна төріне тәрбиелеуде көркемдік жетекші әрі әнші, ұстаз А.Қадырованың еңбегін ерекше атап өтуге болады. Міне осы талантты да талапты өнерпаз балалардың болашақта ауылдан шыққан халық әртістеріміз Е.Хасанғалиев, Б.Төлегенова, Р.Рымбаева, Ә.Дінішев т.б. сынды мықты, танымал әнші, әртістеріміздей өнерлерін әрі қарай шыңдап, білім алып, сахна төрінде жүрсе екен дейміз. «Жезді жұлдыздары» халықтық ән-би ансамблінің байырғы жетекшісі болған ардагер музыкант, сазгер марқұм Т.Қайсынов, ардагер әншілеріміз К.Нұғманова, Э.Қазбан, С.Өмірзақова, Т.Рахымбеков және аспапта сүйемелдеуші М.Қайсынов пен Ж.Әлиакпаров, т.б. өнер майталмандарының кезіндегі сахна төрінде көрсеткен өнерлерін, өскелең ұрпаққа үлгі ретінде айтып отыруды және осыдан 40 жыл бұрын сахнада елді аузына қаратып, мың бұралған бишілеріміз бен жезтаңдай әнші-күйшілеріміздің ерен еңбегінің арқасында алынған ансамблдің «Халықтық» атағын өшірмей, сақтап, оны ұрпақтарымыздың жалғастыруына өз үлесімізді қосу өнер жолындағы парызымыз деп санаймыз. 2003 жылдан бері «Жезді жұлдыздары» халықтық ән-би ансамблінің құрамын өскелең жас өнерпаз ұрпақтармен толықтырып, сахна төріне тәрбиелеп, жағдай жасауда үлкен үлесін қосып отырған Мәдени-сауықтыру орталығының директоры А.Бейсенбаевтың еңбегі ұшан-теңіз. Кентішілік мерекелік іс-шараларға қатысып, «Жезді жұлдыздары» халықтық ән-би ансамбліне би, ән, күй өнерімен көзге түсіп, шығармашылықта жүрген жеткіншектерді үнемі еңбектерін бағалап, марапаттап, ынталандырып келеді. Ауылдан өніп-өсіп, өнерлерін шыңдап келе жатқан жас өнерпаздарды тәрбиелеудегі мектеп ұстаздары мен ата-аналарына және жетекшілеріне үлкен алғысымызды айта отырып, балаларға үнемі шығармашылық табыс тілей келе, талаптарына нұр жаусын демекпіз, Жездінің болашақ жұлдыздары!

Жезді Мәдени-сауықтыру орталығы.

ЕҢБЕГІНЕ ЕЛ КҮӘ

«Еңбегіне ел куә» атты бұл кеш, Қаракеңгір Мәдениет үйінің меңгерушісі, Әжбенова Гүлжауһар Тақашқызын зейнетке шығуына байланысы өткен болатын. Бұл кешті өзінің тәрбиелеп, үйренуден жалықпаған әріптестері, Мәдениет үйі ұжымы ұйымдастырған еді. Барлығы дерлік қамтылған. Кешті жүргізушілер келген қонақтарға сөз беруден бастады. Әуелгі құттықтау сөз кезегі Ұлытау аудандық Мәдениет үйінің директоры Г.Көпеева ұжымдарының атынан сыйлығымен бірге Құрмет грамотасымен марапаттады. Сонымен қатар жүрекжарды лебізін Жезқазған қаласы С.Қожамқұлов атындағы драма театр режиссері, актриса С.Бегайдарова сөз сөйлеп, Алғыс хатын табыстады. Өз кезегінде №4 Қаракеңгір орта мектебінің директоры: М.Бейсенов ақ тілегін айтып, өз ұжымының Алғыс хатымен марапаттап, ән шашуын арнады. Құттықтау сөзін алған ауыл әкімшілік ұжымы, ОДА ұжымы сонымен бірге ауыл ағалары мен апалары да ақ

тілектері мен сый-сияпатын аяп қалған жоқ. Гүлжауһар Тақашқызының мектеп бітіргенінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі еңбек жолдары түгелдей слайдта көрсетіліп тұрды. Жүргізушілер Гүлжауһар Тақашқызының еңбек жолдарында алған медальдарымен, бірге бірнеше Алғыс хат, Дипломдарын тізбектеп айтқан уақыттың өзі бірнеше минутқа созылды. Соңы мерекелік кешке арналған концертке ұласты. Ауылының, жұртының осындай қожаметін басынан кешіп жатқан Гүлжауһар Тақашқызы қуаныштан, ауылдастарының өзіне деген құрметіне жүзі бал-бұл жанып, ризашылығын айтпай-ақ білініп тұрды. Кеш соңында сөз алған Г. Әжбенова қуанышты бөліскен ауылдастарына, осы кешті ұйымдастырған әріптестеріне алғысын айтып, «мен сендермен әр уақытта біргемін» деген сөзіменен толқып, қимастықпен қоштасты.

Ж.КЕҢПЕЙІЛОВ.
Қаракеңгір ауылы.

АУЫЛЫ ТАЗАНЫҢ — АУАСЫ ТАЗА

Басқа жерді қайдам, біздің Шеңбер ауылында көктемгі-тазалық жұмыстары жақсы жолға қойылған. Түтіні түзу ұшқан ауыл тұрғындары қар көбесі сөгіліп, күн жылынып, көктем шыға үйлерінің, қора-қопсыларының маңайын, аулаларын ретке келтіріп, жинақтай бастайды. Қар астынан шыққан қыстайғы қоқыстарды бір орынға жинастырады, шарбақтарының, шатырларының маңдайшаларын өрлеп бояп, ертеңгі көктейтін жасыл желектерін күзеп-түзейді. Ал, азын-аулақ бау-бақша егетін отбасыларының жұмыстары мүлде қыза түседі.

Көктемгі-тазалық жұмыстары биыл да өз деңгейінде өтуде. Село орталығынан қаншама күл-қоқыстар ауыл сыртындағы арнайы орынға шығарылды. Көмекке жылдағыдай Жезқазған қаласында тұратын, осы ауылдың тумасы Қойшыбек Шөкенов өзінің жекеменшік «КАМАЗ» автомашинасымен келді. Өлді күш-көліктері жоқ ауылға бұл да үлкен көмек, әрине. Тасу бағасы да анау айтқандай аспандап тұрған жоқ, қазіргі тілмен айтқанда қолжетімді. Ауылдастарына жәрдемге келген жігітке жерлерінің алғыстан басқа айтары жоқ.

Қойшыбектің тоқтаусыз жүріп-тұруына жағдай жасап, таңның атысы күннің батысы, уақытпен санаспай ауыл ішіндегі күллі қоқысты артқан Боранбай Еркінбаевқа да Шеңбердің әр тұрғыны дән риза. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған екі еңбекқор азамат апта ішінде ауыл ішін айнадай қылды. «Екі жақсы қосылса, қоқыспен қатар қондырмас» деп қалжыңдайды оларға өзілдері жарасқан ауыл айтқыштары.

М.СЕЙТҚАЗИНОВ.
Шеңбер ауылы.

Қоғам. Адам. Заң

БАРШАМЫЗДЫҢ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫМЫЗ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз» деп айқындаған. Сондықтан да, еліміздегі мемлекеттік саясатының негізгі басым бағыттарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған. Қазақстан Республикасының 18.11.2015 ж. қолданысқа енгізілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға (әрі қарай – Заң) бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін органға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлама берген азаматтар ҚР ӘҚБтК-тің 439-бабында көзделген екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Ал, қаржылық бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары) активтері мен міндеттемелері туралы және кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсыну қажет. Сонымен қатар, ҚР ӘҚБтК-нің 473-бабына сәйкес, салық құпиясын құрайтын мәліметтерді Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен өздеріне мұндай мәліметтер туралы белгілі болған тұлғалардың кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз жария ету үшін қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл көзделген. Оған қоса, жаңа заңға «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы)», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг», «Сы-



байлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар» ұғымдары енгізілген. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалауды жүзеге асыратын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызмет болып табылады. Ал, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзіреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.

Бұдан бөлек, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеуді жүзеге асырады. Сондай-ақ, осы Заңның 16-бабында кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары (адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау, мүдделер қақтығыстарын болғызбау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау және тағы басқа) белгіленген.

Көрсетілгендердің негізінде, қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, сыбайлас жемқорлық дертінің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатынын ескере отырып, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы халқының азаматтық борышы екенін назарларыңызға саламыз.

НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК

Қоғамда ұсақ құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділік» қалыптастыру кұрсын Қазақстанда жүзеге асыру ел Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы»-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 2012 жылғы 14-желтоқсанындағы Жолдауынан өз бастауын алған. Бұл жерде басты рөл азаматтық ауызбіршіліктің кепілі ретінде қоғамға беріліп отыр.

Мемлекеттің ортақ мақсаты — ұсақ құқық бұзушылықтардың алдын алу, тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, әрбір азаматты құқықбұзушылықтың жолын кесуге ын-таландыру болып табылады.

«Нөлдік төзімділік» ұстанымын ұсақ, бірақ жиі орын алатын бұзақылық, қоғамдық орындарда темекі шегу және алкогольдік ішімдіктер ішу, қоқыс тастау, т.с.с. құқықбұзушылықтарға қолдануды ұсынамыз. Жұмыс негізгі екі бағыт бойынша жүргізіледі: бірінші-ұсақ құқық бұзушылықтарға қарсы әрекет ету, екін-

ші-бұл үрдіске әртүрлі жобалар және бірлескен іс-шаралар арқылы жалпақ жұртты тарту.

Нөлдік төзімділік - азаматтардың жағымсыз реакциясын немесе ұсақ құқық бұзушылықтардың өзіне де жол бермеу. Бұл ұсақ бұзақылық және қоқыс тастау болуы мүмкін, себебі олар қоғамдық тәртіпті бұзып, өмір сапасын төмендетеді. Тәртіпсіздікке бой беру және бассыздық, одан да ауыр құқықбұзушылықтарға негіз болады.

Әрбір азамат оның көз алдында құқықбұзушылық жасап жатса немқұрайлылық танытпай, ескерту жасап, полиция шақырып, уақытылы әрекет ете алуы тиіс. Біз қоғамдағы тәртіпті тек қана ортақ күш салу арқылы қамтамыз ете аламыз.

Б.БЕГАЕВ,
ҚСЖАЕА саласындағы
заңдылықты қадағалау жөніндегі
Ұлытау ауданы
бойынша прокуроры.

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛ НЕ ҮШІН ЖҮРГІЗІЛУДЕ?

Жария ету — табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған мүліктер мен қаржыларды заңдастыру және жақын арадағы жылдарда табыстар мен мүліктерді жалпыға бірдей декларациялауға көшуге дайындық кезеңі. Мүлікті жария етудің осы кезеңі — Қазақстан Республикасында 2017 жылдан бастап енгізілген жалпыға бірдей декларациялаудың қарсаңындағы соңғы мүмкіндік. Ол кезде Заңмен шетелдерде орналасқан мүліктердің міндетті түрде декларациялануы және шетелдік шоттар туралы ақпараттарды жасырғаны үшін әкімшілік жазаны қатайту көзделген.

2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін жеке тұлға өзінің «көлеңкелі» жинағын жария етіп үлгерсе, онда декларациялау кезінде кіріс көзі мен табу жолдары бойынша сұрақтар туындамайды.

Нені жария етуге болады және қайда жүгінеміз? Жергілікті атқарушы органдар арқылы — жылжымайтын мүліктер, үйлер (құрылыстар, ғимараттар). Құқықтары рәсімделмеген, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жылжымайтын мүлікті заңдастыру жергілікті әкімшіліктер аумағында орналасқан жылжымайтын мүлікті заңдастыру жергілікті әкімшіліктер жанындағы комиссияға тиісті құжаттарды жалғай отырып, бекітілген нысанға сәйкес өтініш табыс ету арқылы жүреді.

Мемлекеттік Кірістер органы арқылы — шет мемлекетте тіркелген бағалы қағаздар, шет мемлекетте тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу

үлесі, ҚР аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүліктерді. ҚР аумағында орналасқан, құқықтары басқа тұлғаға рәсімделген мүліктерді заңдастыру, алыс сомасын төлемей-ақ тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік Кіріс органына арнайы декларацияны табыс ету арқылы және ҚР аумағынан тысқары жерлерде, оның ішінде басқа тұлғаға рәсімделген мүлікті алым сомасын төлей отырып тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік Кіріс органына арнайы декларацияны табыс ету арқылы жүреді.

Екінші деңгейлі банктер арқылы — ақша, банкте ашылған ағымдағы шотқа ақша салып тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік Кіріс органына арнайы декларацияны тапсыру арқылы жария етуге және банк шотына ақшаны салмай жария етілетін ақшаның сомасынан 10 пайыз алымды төлеп, тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік Кіріс органына арнайы декларацияны тапсыру арқылы заңдастыруға мүмкіндіктері бар.

Жария етуге байланысты сұрақтар бойынша Ұлытау ауданы Мемлекеттік Кірістер басқармасына, мекенжайы Ұлытау селосы, Абай көшесі, 36-үй, байланыс телефоны 8(71035) 21283 және Мүлікті жария етуді өткізу жөніндегі аудандық комиссияға, мекенжайы Ұлытау селосы, Абай көшесі 21-үй, байланыс телефоны 21451 хабарласа аласыздар.

Ұлытау ауданы бойынша
Мемлекеттік Кірістер басқармасы.



«БЖЗҚ» АҚ АҒЫМДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЖАРИЯЛАЙДЫ

2016 жылғы 1 маусымда зейнетақы жинақтарының сомасы 6,14 трлн. теңге болды. 2016 жыл басынан бері алған таза инвестициялық табыс – 208,59 млрд. теңге.

Қор жыл басынан бері 85,53 млрд. теңге сомасында зейнетақы төлемдері мен аударымдарын жасады, бұл сомаға 9,06 млрд. теңге көлеміндегі сақтандыру ұйымдарына аударымдар кіріп отыр.

2016 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша зейнетақы жарналарының барлық түрі бойынша шарттардың жалпы саны 10,13 млн. бірліктен асты, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған салымшы (алушы) шамамен 9,7 млн. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша шарттар – 400 903. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттары – 38 871.

Салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты 236 бөлімшенің бірінен сұраған кез келген күніне ала алады. Оның үстіне, өз зейнетақы жинақтарыңыздың жай-күйі туралы мәліметті электрондық пошта немесе www.enpf.kz сайты арқылы алуға болады.

2 миллионнан астам адам хабарлаудың қашықтан жұмыс істейтін тәсілдерін таңдап алды, олар ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алудың тиімді тәсілдері болып отыр. Интернет арқылы хабарлауды таңдап, логин мен пароль тіркеген Қор салымшылары (алушылары) зейнетақы шотын Android, iOS (iPhone, iPad) және Windows Phone операциялық жүйелерінде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған «ENPF» ұялы қосымшасы арқылы бақылай алады.

2016 жылғы 1 маусымда ұялы қосымшаны жүктеп алу 230 000 ретке жеткен.

2015 жылдың ақпан айынан бастап электрондық цифрлық қолтаңбасы бар салымшылар (алушылар) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты e-gov порталы арқылы толық көлемде ала алады.

Қызмет іске қосылған сәттен бастап 2016 жылғы 1 маусымға дейін электрондық үкімет порталы арқылы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан 300 мың үзінді көшірме берілген. Оның үстіне ағымдағы жыл басынан бері салымшылардан (алушылардан) түрлі арналар арқылы түскен 60 414 өтініш өңделді.

Қазір Қор салымшылар (алушылар) үшін қосымша электрондық қызметтерді ендіру жұмысын жүргізуде, атап айтқанда: салымшының (алушының) электрондық цифрлық қолтаңбасын қолдана отырып, on-line түзімінде міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын ашу оңтайландырылатын болады; қосымша деректемелерге өзгерістер енгізу мүмкіндігі пайда болады; зейнетақы төлемдерін алуға өтініш беру қолжетімді болады. Қор аталған қызметтерді 2016 жылдың соңына дейін ендіруді жоспарлап отыр.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ) 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. «БЖЗҚ» АҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін көтеру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы № 272 бұйрығына 7-қосымша

«МЕМЛЕКЕТ ЖЕКЕ МЕНШІККЕ САТАТЫН НАҚТЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ КАДАСТРЛЫҚ (БАҒАЛАУ) ҚҰНЫН БЕКІТУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация)

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.01.2016 № 24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар пакеті тапсырылған күннен бастап - 3 (үш) жұмыс күні; 2) құжаттар пакетін тапсыру үшін ең ұзақ жол берілетін кезек күту уақыты - 15 (он бес) минут; 3) ең ұзақ жол берілетін қызмет көрсету уақыты - 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.01.2016 № 24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнының бекітілген актісі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Өтініштер қабылдау және мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерін беру сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен, сағат 9.00-ден бастап 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібінде көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электрондық кезек» тәртібінде көрсетіледі, жер учаскесінің орналасқан жері бойынша портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.01.2016 № 24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не: заңды тұлғаның өкілеттілігін растайтын

құжат бойынша, жеке тұлғаның нотариалды расталған сенімхат бойынша уәкілетті өкілі) мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін мемлекеттік кәсіпорын есептеген жер учаскесінің бағалау құнын айқындау актісі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электронды үкімет» шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушіге - өтініш қағаз тасығышта қабылданғанын растау оның көшірмесінде құжаттар пакетін қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, кеңседе тіркелгені туралы белгі болып табылады;

Мемлекеттік корпорацияға - мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетілген кезде көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басты куәландыратын құжат (не: уәкілеттілігін растайтын құжат бойынша заңды тұлғаның; нотариалды расталған сенімхат бойынша жеке тұлғаның өкілетті өкілі) ұсынылған кезде қолхаттың негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация бір ай бойы нәтижені сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті алушыға береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.01.2016 № 24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынбаған жағдайда, ХҚКО қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.01.2016 № 24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің

және (немесе) оның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші Министрлік басшысының атына: Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау шағымды көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркелген күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері дұрыс қызмет көрсетпеген жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы түскен шағымды Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады;

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жөнелткен кезде, көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен», көрсетілетін қызметті алушы өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша не порталда алуға болады.

Портал арқылы электрондық түрде жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы оны өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын ақпарат қолжетімді болады.

Шағымда: 1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), пошталық мекенжайы; 2) заңды тұлғаның - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымды тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта байланысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесіне қолма-қол беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымды тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а.

21.01.2016 № 24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.01.2016 № 24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылықтары бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы өтініш беру жолымен Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жерге барып жүргізеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.01.2016 № 24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында; 2) Мемлекеттік корпорацияның www.g2c.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.01.2016 № 24 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-21-98. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы 1414.

«Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

(Жалғасы 10-бетте).

ВЕТЕРИНАРИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

Қарағанды облысының Шет ауданы Еркіндік елді мекенінде Сібір жарасы ауруының тіркелуіне байланысты ауыл шаруашылық малдарын өсірушілер жеке және заңды тұлғалар 10 шілде 2002ж №339-11 ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабын басшылыққа алуларыңызды қатаң ескертеміз.

25-бап. Жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері

Жеке және заңды тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарымен белгіленген жануарлар ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерді сақтай отырып, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыруға;

2) зоопарктердегі, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарлардың ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұсталуын, өсірілуін және пайдаланылуын жүзеге асыруға;

3) аумақты, мал шаруашылығы қора-жайларын, сондай-ақ жемшөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған ғимараттарды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді

ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтауға;

5) ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруді және оларға ветеринариялық паспорттарды ресімдеуді қамтамасыз етуге;

6) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануарлар, туған төлдер, олардың сойылғаны мен сатылғаны туралы хабарлауға;

7) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге;

8) бірнеше жануар кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы ветеринариялық мамандарға хабарлауға және ветеринариялық мамандар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;

9) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор-

ларға орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық тексеру үшін кедергісіз беруге;

10) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді залалсыздандыру (зарарсыздандыру), өңдеу жөніндегі талаптарын орындауға;

11) союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей жануарларды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуге;

11-1) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында союды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асыруға;

12) ветеринариялық мамандарға өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына жәрдем көрсетуге;

13) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, тамақ өнімін, жемшөп, жемшөп қоспаларын өндіруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы уәкілетті органмен келісуге міндетті.

Ұлытау ауданының ветеринария бөлімі.

Маман кеңесі

ІШЕК ҚҰРТТАРЫНАН САҚ БОЛАЙЫҚ

Көктем-жаз мезгілдерінде көп адамдардың бойында әлсіздік пайда болады. Ал енді бір адамдардың бетін, денесін ақтаңдақтар қаптаса, біреулері қатты жүдеп кетеді. Олардың бәрі адамдардың ішіндегі ішек құрттарының әсерінен пайда болады. Паразитизмнің табиғаттағы организмдер популяциясын реттеуде және сұрыптау процесінде маңызы болғанмен, адам денсаулығына, жануарларға, өсімдіктерге өте көп зиян келтіреді. Паразиттер ағзаны қорғаушы күшіне теріс әсер етеді. Сондықтан иммунитет төмендеп, жұқпалы аурулар жиілеп, ішектің жұмыс істеу тәртібі бұзылады, ішектегі тамақтарды сіңіруге шамасы келмей қалады. Іш ауырып, іш қатып, жүрек айнып, лоқсып, дене қызуы көтеріліп, аллер-

гендерге сезімталдық артып, дисбактериоз пайда болады. Гельминтоз кезінде балалар аурудың алдын алу мақсатындағы екпелерге бейадекваттығын реакция көрсетеді. Паразитизм белгілі бір организмнің екінші бір организмді тіршілік ортасы ретінде пайдаланып, сонда өсіп дамиды, қоректенеді. Паразитизм процесі кезінде паразиттердің дамуы бір ғана емес, бірнеше өтуі мүмкін. Мысалы, безгек қоздырғышының иелері адам мен анорелес туысына жататын маса: эхинококк ауруы қоздырғышының иелері адам мен ит. Адам ағзасына бұл құрттар «ауру – астан» деп тегін айтылмаған, адам ауруды күнделікті жейтін тағамдардан кездестіреді. Мысалы, ет пен балықтарда майда құрттар көп болады. Дүкеннен сатып алған-

да, олардың уақыты, әрбір тағамның мерзіміне қатты көңіл бөлуіміз керек. Ішек құрттарының осындай қауіпті болуына қарамастан, оның алдын алу шаралары қарапайым жеке бастың, тазалық ережелері: тамақтанар алдында қолды жуу; тек қана қайнаған немесе шөлмектегі суды ішіңіз; жеміс-жидектерді, көкөністерді мұқият жуып, қолданыңыз; тамақтардың бетін жауып, шыбындардан қорғаныңыз; баланың қолын, ойыншықтарын таза ұстау қажет.

Ең бастысы баланың дене қызуы көтеріліп, іші өтіп немесе құсып ауыра бастасымен отбасылық дәрігерге көріну қажет.

А.ӘБІЛДИНА,
лаборант.
Жезді кенті.

ІЗДЕУ САЛАМЫЗ

Қарағанды қаласы Қорғаныс істері департаментінің 2016 жылғы 22 маусымда келген №324 телеграммасы бойынша, жеке мәліметтері мен өлгеннен кейін марапатталған мемлекеттік наградалары жөнінде білу үшін, 1941 жылы 22 маусымда Брест қамалын қорғауда қаза болған **сержант Сүлейменов Ботабай 1921 жылы туылған, қатардағы жауынгер Куренкеев Идрис, 1919 жылы туылған, Садықов Нури, 1919 жылы туылған, Улқтымбаев** атты азаматтардың туған-туыстары аудандық **Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге хабарласуын сұраймыз.**

ЕСКЕ АЛУ

АСЫЛ БЕЙНЕҢДІ САҒЫНДЫҚ, ЖАН ӘКЕ!

Сұм ажал кімді аяған, отбасымыздың ұйтқысы, ақ бұлақтай ақылшымыз, аяулы да ардақты әкеміз, ұлағатты ұстаз, халқының сүйікті ұлы Хамитов Әбіләйс Ғазизұлын ортамыздан алып кетті.

Халқымызда «Асылдың сынығы, жақсының көзі» деген сөзі жақсылықтан қамал тұрғызған, ерекше еңбегімен ержеткен ел азаматтары еленген екен. Солардың бірі әкеміз Әбіләйс Ғазизұлы білім беру саласында қажырлы қызмет істеп, ел алғысын арқалаған жан болатын.

Бүкіл саналы ғұмырын жас буындарды тәрбиелеуге біліммен сусындатқан ұстаз-әке бейнесі мәңгілік, әр кез жүрек түкпірінде сақталады.

40 күн өтті асқар тауымыз құлағалы

40 күн өтті балалары іздеп жылағалы

Әр күніміз сағынышпен өткенімен

Жүрегіміз әке деп соғады әлі.

Тәрбиенді көріп-өстік жасыңыздан,

Ешкім Сіздей бізге ақыл айтпаған

Түсіне алмай қалдық әке артында

Кетуің де болды-ау бізге тосыннан.

Ән саламыз сағынғанда өзіңді,

Жебеб жүрші әке балаларыңды.

Өзің едің мына өмірде тірегіміз,

Жалғап жүреміз әке сіздің ізіңізді.

Алла салды басымызға сынақты,

Жиі еске алсын деп те жылатты.

Қайғысы мен қызығы көп өмір-ай,

Бірде көтеріп, бірде жығып құлатты.

Еске алушылар: балалары, немере-шөберелері.

Әкеміз Әбіләйс Ғазизұлының қайтыс болғанына 40 күн толуына байланысты, осы жылдың 10-шілдесі күні, сағат 13.00-де Ұлытау селосындағы «Тассай» дәмханасында құдайы ас беріледі. Құдайы асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-көлем, әкеміздің көзі тірісінде сыйлас, дәмдес болған жәмиғатты шақырамыз.

ЕСКЕ АЛУ

Ұлытау ауылының азаматы, дәрігер, ардақты да аяулы ағамыз **Сайлау ӘЛМАҒАМБЕТҰЛЫНЫҢ** өмірден озып, бақилық болғанына 40 күн толып отыр.

Арыс ең, ел сыйлады,

ғасыр сүйген

Ұлықтап, тағзым етем,

басымды игем

Ұмытпай, рухына дұға арнаймыз

Ұрпағың барда өшпес

асыл бейнең

Артында қалған бізге өмір берсін

Пейіштің Аға білем төріндесің

Көзімнен кетсең-дағы, жарқын жүзің

Мәңгілік өшпейді ғой, көңілдерің

Жалғанда жайсаңдардың жалғап ісін,

Алып ең алқалы елдің бар алғысын.

Адамның асып туған – асылы едің,

Ағаның арда туған – ардағысың.

Жүректі жаралаған жыр қандайсың?

Бидайы ұшып кеткен қырмандайсың

Табысып о дүниеде бабалармен

Риза боп көктен қарап тұрғандайсың

Көңілдің қайғышерлі жыры басым

Жетті ме Аға сізге мұңлы даусым

Жиналған бүгінгі жәмиғатқа

Алланың шапағаты нұры жаусын.

Еске алушылар: інісі Еру, көліні Күлтай, балалары, немерелері.

Ағамыз Сайлау Әлмағамбетұлының қайтыс болғанына 40 күн толуына байланысты, осы жылдың 9-шілдесі күні, сағат 11.00-де Жезқазған қаласындағы «Алтын сарай» дәмханасында құдайы ас беріледі. Құдайы асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-көлем, әкеміздің көзі тірісінде сыйлас, дәмдес болған жәмиғатты шақырамыз.

Аудандық «Ұлытау өңірі» газетінің ұжымы баспахана ардагері Сағыныш Сейпішоваға жұбайы

Сайлау БАЙТОРИННИҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық «Ұлытау өңірі» газетінің ұжымы осы редакция қызметкерлері Талғат Байторин мен Айгүл Исабаеваға ағалары

Сайлау БАЙТОРИННИҢ

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Мәдени мұра

ЕЛОРДАДАҒЫ КЕЗДЕСУ

2016 жылдың маусым айының 2-3 күндері Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде семинар болып өтті.

Түркия Республикасының Президенті Р.Ердоганның Қазақстан Республикасына 2015 жылы 15-17 сәуірде жасаған мемлекеттік сапарының қорытындылары бойынша ҚР-ның Премьер-Министрі К. Мәсімов Мәдениет және спорт министрлігіне Түркияның мәдени туризм саласындағы тәжірибесін зерделеу жөнінде тапсырма берген болатын. Осыған орай, екі тараптың келісімі бойынша үстіміздегі жылдың 2-3 маусым күндері Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде «Мәдени нысандарды туризм индустриясында тиімді пайдалану» тақырыбында түрік сарапшыларының жүргізуімен семинар ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – мәдени туризм саласындағы Түркияның жеткен жетістіктерімен жақын танысу, тәжірибесін зерделеу болды.

Негізгі қаралған мәселелер туристік нысандар, оларды қайта жөндеу, тарихи мұралар, музейлер ісі және туристердің мәдени нысандарға қызығушылығын арттыру. Халықаралық семинарды Білім беру, ғылым ісі және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Дінісхам Болатханұлы ашып берді. Түркиядан келген қонақтар қайта өңдеу музейінің директоры Яман Нағлаян және «Измир» музейінің директоры, археолог Шыңғыс Торол қатысып, өз ойларымен бөлісті.



Келесі күні Қытай Халық Республикасының, Шэньси провинциясының Мәдени ескерткіштер басқармасының өкілдерімен кездесу болып, өзара тәжірибе алмасу болды. Сонымен қатар, Ұлттық музейде «Ұлы Жібек жолымен: Шэньсидің мәдени мұралары» атты көрмесі ашылды. Көрмеге қытайдың көне провинциясы Шэньсидің сирек кездесетін мәдени жәдігерлері, Ұлы Жібек жолы және оның жандануы, Шэньси провинциясының ғылыми-техникалық, экономикалық және саяси жетістіктері туралы 130-дан астам фотосуреттер қойылған. Көрме Қазақстандағы Қытай елшілігінің, Шэньси провинциясы Мәдени ескерткіштер басқармасы, Шэньси провинциясы тарих музейінің, Шэньси провинциясы Мәдени ескерткіштермен алмасу орталығының және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылды. «Ұлы Жібек жолымен: Шэньсидің мәдени мұралары» көрмесі қазақстандықтарға Шэньси провинциясының бірегейлігі туралы білуге мүмкіндік береді. Және Қытай Халық Республикасы және Қазақстан Республикасы арасындағы екі жақты алмасу мен мәдени мұра саласындағы ынтымақтастыққа ықпал жасайды.

Семинар қорытындысында мәдениет және тарихи-мәдени мұраларды қорғау саласының өзекті мәселелері талқыланып, Ұлттық музей залдарына экскурсиямен жалғасты.

Н.РАЙЫМОВА,
«Ұлытау» Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайы туризм бөлімінің басшысы.

ҰРПАҚҚА ТАҒЫЛЫМ

Қазақтың кең жазира даласында шоғырланған ескерткіштердің бүгінгі таңда алар орны ерекше. Бағзы заманнан қолына қару ұстап, елі үшін жауға шабуға дайын тұратын қазақтың ержүрек батырларына өз заманында ерекше құрмет көрсетіліп, мазарлар орнатқан болатын. Қазіргі таңда ол – тарих!



Сондай мазарлардың бірі, әйгілі Шыңғысханның сүйікті ұлы Жошыға салынған. Жошыхан мазары Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде, Кеңгір өзенінің сол жағалауында, Орда-Базар қаласының іргесінде орналасқан ортағасырлық археологиялық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, ғалымдардың айтуынша, оны салуға Жошы ұлысына қараған барлық тайпалар (найман, қыпшақ, қаңлы, арғын, керейт және т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбез қайтыс болған кісінің жылын беруден бұрын салынатынын

ескерсек, онда Жошыхан мазары шамамен 1228 жылдың ақпан-наурызына дейін тұрғызылған болу керек. Сол замандағы Жошыханның асқақ беделінің айқын дәлелі – осы мазары. Жошыхан мазары порталды-күмбезді. Алдыңғы бөлігі үлкен тікертбұрыш болса, артқы бөлігі кішірек күмбезделген тікертбұрыш. Күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған. Аумағы 9,55м х 7,25м. Мазардың басты ерекшелігі – салтанатты порталында. Дамыған құрылыс технологиясын жетік білмеген ата-бабамыздың қолынан шыққан бұл туындының алдыңғы бөлігі қазақи нақыштан

да сыр шерте алады. Порталына киіз үйдің элементтерін кіргізген. Мысалы, портал жақтауындағы өрнек киіз үйдің басқұрына ұқсайды. Оның маңдай алдын сүйірлендіріп арка тәрізді келтіруі діни мешіттердің күмбезіне сай жасалған. Кірпіштердің әр түрлі формада орналасуының өзі мазардың сәнін келтіріп тұр. Күмбезді бейіт салу – ежелгі дәстүр, көне құрылыс әдістерінің көшпенділер әлемінде терең игерілген түрі. Ол Жошыхан мазарында тамаша шешімін тапқан. Жошыхан күмбезі архитектуралық әсем үлгілі құрылыс ретінде аса маңызды тарихи ескерткіштердің тізіміне енгізілген.

Ұлытау өңірі ұлан-байтақ атырапты алып жатқан қасиетті жер. Бұл шұрайлы жер өз заманында Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық орталығы болған. Шыңғысхан өзінің ерекше сүйетін баласының мазарын дәл осы Ұлытау шаһарында салдыртқан. Бұл жер сонау бағзы заманнан ата жауымыз Жоңғарлармен болған соғысты, Асан қайғының жеруығын, Тоқтамыстың Өмір Темірге жорығын, Қазақ хандығының саяси мәселесінің шешімін табу үшін жасалған құрылтайларға тағы да басқа тарихи жаңалықтарға куә болған тарихи жер. Осындай тарихи жер қойнауында батыр бабаларымыз жерленген. Олардың ерлігі мен батылдығы қазақтың қанына сіңген қасиет!

М.ҚАЙЫРБЕК,
Т.Жүргенов атындағы
ҚҰӨА-ның «этноәнертану»
мамандығының студенті.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Ұлытау өңірі» газетінің редакторы, белгілі қаламгер **Елтынды ДҮЙСЕ-БЕКҰЛЫН** адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы азамат деп білеміз. Өз мерейтойыңызға лайықты да қошеметтеуге тұрарлық жетістіктермен келіп отырсыз.



Еңбекпен жидыңыз бар беделді, Азаматсыз еліңізге елеулі. Бүгінгі 60 жасты тойлайық, Жолыңызда кездеспесін кедергі. Әр уақытта ашық болсын жолыңыз, Қашанда бөлек сіздің орныңыз. Құтты болсын, мерейлі 60 жас. Асқар шыңға қыран сынды қоныңыз.

Тілек білдірушілер: «Ұлытау өңірі» газеті редакциясының ұжымы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Елтынды ДҮЙСЕБЕКҰЛЫ!

Сізді 60 жастың асқарына шыққан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Бірнеше жылдан бері «Ұлытау өңірі» газетінде редакторсыз. Әрдайым көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлендіңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін, отбасыңыз аман болып, ұзақ ғұмыр кешіңіз.

Құтты болсын 60 деген жасыңыз, Қуаныштың кемерінен тасыңыз. Әрқашан мықты болып денсаулық, Қажымастан жүзден әрмен асыңыз.

Ізгі тілекпен, құттықтаушылар: Ұлытау аудандық аумақтық басқармасының басшысы Светлана Григорович және ұжымы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!




Құрметті досымыз, Ұлытау ауылының тұрғыны **Торғаев Айтбек ҚАПАШҰЛЫН** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Сізге баянды бақыт, шаңырағыңызға шаттық, ісіңізге береке тілейміз. Құтты болсын келген туған күніңіз, Тілекші көп, бізде соның біріміз. Бала-шаға қызығына кенеліп, Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Ізгі тілекпен: Еру-Күлтай, Айгүл, Үмия, Балкүміс, Әбіл-Зейнеп, Ақбатыр-Бейсенқұл, Манат-Рәш, Таңат-Нескен, Бақберген-Бикен, Жәкуда-Уазипа, Ғабит-Ғауһар, Еркін-Бақша.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Айна БЕЙСАЛЫҚЫЗЫ!

Сізді 40 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Сізге игі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектеспіз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Жұлдызыңыз жоғары, еңбегіңіз бағалы, мерейіңіз үстем болсын. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына жете беріңіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, қуанышыңыз мол болсын.



Ашып өмір есігін нұрланды күн, Шашу шаштық сол үшін жырдан бүгін. Өзіңе де, өзгеге шуақ сыйлар, Құтты болсын, 40 жас туған күнің! 40 деген көнбейтін жас құрыққа, 40 деген ұнайтын жас бар жұртқа. Қамал алған құтты болсын жасыңыз, Өрлей берсін өрге қарай тасыңыз.

Тойыңыз әрқашан тарқамасын, Өзіңізді балаларың арқаласын, Жасыңызға дәл осындай жас қосылып, Көңіліңіз дариядай жарқырасын.

Ізгі тілекпен: Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұжымы.

Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімсіз»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Бұлқышев көшесі, 11-үй. Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады, Таралымы - 1550 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 27



Директор-
Бас редактор
Елтынды
ДҮЙСЕНБАЕВ